



ОЙТОЛҒАМ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚҰЛДЫРАМАСЫН

4-БЕТТЕ



ӘЛЕУМЕТ

«АҚШАҢ БОЛСА ҚАЛТАҢДА...»

9-БЕТТЕ



МӘДЕНИЕТ

АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫНҒА АРНАДЫ

16-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№100 (4069) | Сейсенбі | 25 тамыз 2020 жыл

AQSHAMY

ЕЛОРДАЛЫҚ 34,5 МЫҢ ОҚУШЫҒА КОМПЬЮТЕР БЕРІЛЕДІ



Елордада әлеуметтік жағынан көмекке мұқтаж отбасы балаларын қашықтан оқытуға компьютермен, роутерлермен қамтамасыз ету үшін 6 миллиард теңге бөлінді. Жалпы, қала бойынша 34,5 мың оқушыға қажетті техникалық құрал-жабдықтар беріледі.

Кеше елордада педагог қызметкерлері қалалық тамыз кеңесінің пленарлық отырысы өтті. «Білім беруді сандық трансформациялау» тақырыбында онлайн форматта ұйымдастырылған шараға Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов қатысып, ұстаздарды Білім және ғылым министрлігінің Ы.Алтынсарин, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен, алғыс хаттармен марапаттады.

(Соңы 6-бетте)



**COVID-19
ҚАЗАҚСТАНДА**

АУРУ ЖҰҚТЫРҒАНДАР:	104 718
ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР:	92 598
ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР:	1 415



Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі «Негізгі Заң аптасы» жобасын бастады.

Қоғам мен мемлекетті жаңғыртудағы Конституцияның рөлін терең ұғынуға, Негізгі заңға халықтың кең ауқымының назарын аударуға, «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасы шеңберінде қоғамның конституциялық мәдениетін арттыруға бағытталған апталық 30 тамызға дейін жалғасады.

Жоба шеңберінде бүкіл ел бойынша онлайн конференциялар, дөңгелек үстелдер, тегін заң консультациялары, вебинарлар, БАҚ-та сөз сөйлеу, қайырымдылық акциялары, жаңа нысандар пайдалануға беру, пәтерлердің кілттерін табыс ету және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады.



27 тамыздан бастап Қазақстан мен Түркия арасындағы тұрақты жолаушылар рейстеріне шектеулер алынады.

Түркияның авиация компаниясы шектеулерді алып тастау мәселесін Денсаулық сақтау министрлігімен үйлестіріп және індет таралуының тұрақталуын ескере келе, Қазақстаннан Түркияға жолаушылардың кіруіне шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылдады. Рейстер Қазақстан мен Түркияның санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып және әуе компаниялардың сайттарында жарияланған кестеге сәйкес орындалатын болады.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 468.65 \$ USD/KZT 412.54 ₸ RUB/KZT 5.79 ¥ CNY/KZT 58.80

www.astana-akshamy.kz



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

ЕЛБАСЫ ҮКІМЕТ БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев Премьер-министр Асқар Маминді қабылдап, әлеуметтік қамсыздандыру шараларын күшейтуді тапсырды.

Бұл туралы «Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбек твиттердегі парақшасында хабарлады. «Елбасы, партия Төрағасы Н.Ә.Назар-

баев сайлауалды бағдарламаны талқылау барысында Бюро мүшесі, Премьер-Министр Асқар Маминге әлеуметтік қамсыздандыру шараларын күшейтуді, денсаулық

сақтау саласының сапасын арттыруды, жұмыс орындарын құрып, тұрғындар табысын ынталандыруды тапсырды» делінген хабарламада.



«NUR OTAN» ЖИНАЛЫСЫ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛДІ

«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесі Бюросының отырысы жұмаға, яғни 28 тамызға ауыстырылды» деп хабарлады твиттердегі парақшасында «Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбек.

САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ТЕКСЕРДІ

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов кеше Нұр-Сұлтан қаласындағы бірқатар нысанды аралап, санитарлық талаптардың сақталу барысын тексерді, деп хабарлады «Елорда Инфо».

Вице-премьер бастаған топ бірінші қала тұрғындары көп жиналатын «Mega Silk Way» сауда-ойын-сауық орталығын аралап шықты. Орталық ішінде жүрген жұрт бетперденің маңыздылығын түсінгенмен, беттүмшаны жартылай ғана кигендер кездесіп жатты. Ералы Тоғжанов бірнеше адамға ескерту жасады.



Жұмыс тобы барған екінші нысан — «Эталон» сауда құрылыс базары болды.

«Карантиндік талаптар күшейген шақта біздегі жабық нысандар жұмысын толығымен тоқтатты. Тек сырттағы сауда белгілі бір уақытқа дейін ғана жұмыс істеп тұрды. Қазір жабық нысандар ашылғанмен, қойылған талапқа сай демалыс күндері жұмыс істемейді. Кіреберістегі күзет қызметі жұрттың бетпердемен кіруін қадағалап, дене қызуын тексеріп тұрады» деді «Эталон» базары директорының міндетін атқарушы Өмірбек Меңлібеков.

Бұл базардың әрбір бутигінің кіреберісіне бетпердесіз кірмеуі жазылып, арақашықтық сызығы белгіленген. Келушілер осы тәртіп бойынша кезекке тұрып, сауда жасауға дағдыланғаны байқалады.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары бастаған топ қаланың Орталық базарына атбасын тіреп, мұндағы жағдаймен танысты. Күн дүйсенбі

болғанмен, бұл жерде сауда қызып тұр. Бірақ демалыстағыдай қалың топтың шоғыры жоқ. Ералы Тоғжанов бұл базардың әкімшілігіне де тепловизорлар орнату керектігін тапсырды.

«Базар болған соң адам көп келеді. Әрбір адамның температурасын бақылап отыру мүмкін емес. Сол себепті кіреберістерге тепловизорлар орнатып, жұртшылықты індеттен сақтауымыз қажет. Індет жұқтырған адам маңынан өткен кез келген жанға зиянын тигізеді. Сақтық шараларын барынша сақтауымыз керек» деді Ералы Тоғжанов.

БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМДІ ҚАНША ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АЛДЫ?

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің соңғы мәліметі бойынша 2,3 миллионнан аса қазақстандық карантин кезінде табысын жоғалтқаны үшін 42 500 + 21 250 теңгелік біржолғы төлем алды.



Шілде айындағы шектеу шараларын енгізуге байланысты табысынан айырылған Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан біржолғы төлем тағайындауға азаматтардан 2 млн 589 мыңнан аса бірегей өтініш қабылданды. Төлем мөлшері ең төменгі жалақыға – 42 500 теңгеге тең болды. Біржолғы төлемді 2 млн 376,8 мың қазақстандық алды, оның ішінде 2 млн 368,2 мың адам тамыз айында карантиннің ұзартылуына байланысты 0,5 ЕТЖ – 21 250 мың теңге мөлшерінде қосымша төлемақы алды.

Карантин шараларына байланысты табысынан айырылғандардан өтініш қабылдау 2020 жылдың 1 қыркүйегіне дейін жалғасады.

АЗАМАТТАРДЫ ОНЛАЙН ҚАБЫЛДАДЫ

Елорда тұрғындарымен кездесулер азаматтармен кері байланысты күшейтуге мүмкіндік береді деп жазды Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов өз Instagram парақшасында.

«Азаматтарды онлайн қабылдау апта сайын жүргізіледі. Бұл «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында кері байланысты күшейтуге және қала тұрғындарына айтарлықтай қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Тұрғындар түрлі мәселелерді көтереді, біз оларды жүзеге асыру үшін жұмыс істеп жатырмыз. Қала шетінде жылы аялдамалар орнату, жолдарды асфальттау, жарықтандыру, кәріз жүргізу, әлеуметтік нысандар салу, аула аумақтарын абаттандыру және басқа да жұмыстар қамтылған.

Жаңа оқу жылының басталуын ескере отырып, білім беру мәселелері де қарала-

ды. Биыл қамтылған балалар санымен бірге, мектеп құралдарын сатып алуға бөлінетін қаражат 40 мың теңгеге дейін өсті. Бұл қаражатты аз қамтылған отбасындағы әр бала алады. Мысалы, отбасында төрт бала болса, жалпы 160 мың теңге беріледі. Басқа да бірқатар қолдау шаралары бар.

Бұған дейін азаматтарды қабылдау үшін қала тұрғындарының электронды карталарының жүйесі әзірленіп, іске қосылған болатын. Сандық жүйе арқылы тұрғындар көтерген мәселелердің орындау мәртебесін көріп, бақылауға болады» деп жазылған елорда басшысының хабарламасында.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Дулат ИСАБЕКОВ, жазушы



«Менің де баратын жерім көп, бірақ бара алмаймын. Туған құдам қайтыс болғанда да бара алмадым. Топырақ сала алмай қалдық. Адам аяғы сиреген соң, 2-3 адам ғана болатынын білгеннен кейін қырқына барып келдім. Басқа кесел – кесел, бұл кеселдің беті жаман. Егер осылай айтқан сөзді тыңдамай, елемей, тойға топырлап бара беретін болсақ – бұл індеттен, бұл кеселден ешқашан құтыла алмаймыз. Осы есімізде болсын».

(23.08.2020 ж. «Қазақпаратқа» берген сұхбатынан)

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

НҰР-СҰЛТАН

Астанадағы бизнестің алуан түрлі бағыттарының өкілдерін жинаған ауқымды шараға Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласының кәсіпкерлері қатысты. Жоба еліміздің батысы мен елордада ісін бастап жатқан кәсіпкерлердің инновациялық бизнес идеяларын қолдау және дамыту үшін әзірленген.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Өңірде 22 көне ескерткіш табылды. Көне заман белгілерінің көбі ежелгі темір дәуіріне тиесілі екені дәлелденіп отыр. Атбасар жерінен табылған археологиялық қазбаларға қарап сол кездегі адамдардың мал шаруашылығымен айналысқаны анықталды. Жалпы облыс аумағында 1 мыңнан аса тарихи ескерткіш бар.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Талдықорғанда құрылысы бес жыл бұрын тоқтап қалған нысандар қайта салына бастады. 7 ықшам ауданындағы 6 үй мердігер мекемеден мемлекет меншігіне алынып, «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша тұрғызылып жатыр. Тіпті 55 және 60 пәтерлік көп қабатты үйлерді қазан айының соңында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Карантин кезінде жұмысы тоқтап, шығынға батқан ақтөбелік кәсіпкерлерге қолдау көрсетіледі. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 20 млрд теңгеден аса қаржы жұмсалмақ. Өңірде 60 мыңнан аса шағын және орта бизнес субъектісі болса, солардың біразы табысынан айырылған еді. Қазір олар қайта іске кірісе бастады.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырау облысының шалғай ауылдарындағы мектептер оқу жылын жаңа тәртіппен бастайды. Сабақ бір мезгілде, яғни, тек түске дейін ғана жүргізіледі. «Бір мұғалім – бір сынып» қағидаты бойынша әр сыныптың сабақаралық үзілістері де дербес болады. Сондай-ақ алыс ауылдардағы оқушыларды қашықтан оқыту үшін қосымша шаралар жасалынған.

ТҰРҒЫН АЛАПТАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР

» Қала тұрғындары үшін жағдай жасау жұмыстары барлық 16 елді мекенде жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов өзінің инстаграм парақшасында жазды.

«Бүгін кешкілік аралау барысында Өндіріс (Лесозавод) елді мекенінде бірқатар әлеуметтік нысандардың құрылыс барысымен таныстым. Азаматтарды қабылдау, есеп беру кездесулерінде елді мекен тұрғындары балалардың спортпен шұғылдануына арналған демалыс орталықтарын ашуды сұрады.

Мәселен, Өндіріс, Железнодорожный, Көктал-2 елді мекендерінде үш ірі дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы басталды. Бұл ғимараттарда спортпен шұғылдануға арналған секциялардан басқа ХҚКО, пошта бөлімшесі, полиция пункті, аға буын өкілдерінің қызығушылықтары бойынша клубтар және т.б. орналасады. Келесі жылы Үркер (Ильинка) елді мекенінде дәл осындай ғимарат салынады.

Президенттің тапсырмасына сәйкес, Өндіріс елді мекенінде жұмыс істеп тұрған №23 мектеп аумағында білім ордасының жаңа корпусының құрылы-



сы басталды. Бұл мектепке артылған шамадан тыс жүктемеден арылуға, оқу жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

№49 білім ордасына күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. «Кезекші топта» бастауыш сынып оқушыларына сабақ беретін мұғалімдерге санитарлық талаптарды қатаң

сақтау бойынша кеңес берілді.

Қала тұрғындары үшін жағдай жасау жұмыстары барлық 16 елді мекенде жүргізіліп жатыр: су мен кәріз жүргізуден бастап, әлеуметтік жобалар құрылысына және аумақтарды кешенді абаттандыруға дейін» деп жазды Алтай Көлгінов.

ТІРКЕУ ЖЕКСЕНБІДЕ ДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

» Армениядан елімізге 2020 жылдың 1 ақпанына дейін жеткізілген көлік бір апта ішінде тіркелуі керек. Өйткені оларды уақытша тіркеу келесі айдан бастап аяқталады.



«Армения Республикасынан әкелінген көлік иелеріне қолайлы жағдай жасау үшін уәкілетті орган ХҚКО-мен бірлесіп, жексенбіде аталған көліктерді қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады» деп жазылды қалалық әкімшілік полиция басқармасының хабарламасында.

Нұр-Сұлтандағы халыққа қызмет көрсететін

мамандандырылған орталықтар дүйсенбі мен сенбі аралығында 09:00-ден 17:00-ге дейін, жексенбіде 09:00-ден 15:00-ге дейін жұмыс істейді.

Сонымен қатар қазіргі уақытта Қазақстанға 2020 жылдың 1 ақпанына дейін импортталған қайта жабықтау жүргізілген көлік құралын тіркеу жүргізілуде.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

«НЕЙМИНГТЕ» БІЗДІҢ НЕМІЗ БАР?



Айгул УАЙСОВА

Бас қаламыздың үлкенді-кішілі ғимараттарының маңдайшасына жазылған жазбалардың қатесін түзей алмай жүргенде, ағылшын тіліндегі атаулар қаптап кетіпті. Қаланың қай көшесін бойлап жүрсеңіз де дүкен, мейрамхана, бизнес орталықтары мен қонақ үйлер атауларының 80 пайызы ағылшын тілінде жазылып, қағылған. Ағылшынша жарқыраған жарнамаларды ұға алмай жүргенде маңдайына қытайша жазып қойғандары да шықты. Сонда орысшаны қақпайтын, ағылшындық ұқпайтын, қытай тілінен хабары жоқ менің құқығымды кім ойлайды? Жарнамаларын өзге тілде жалаулатқан ол мекемелердің иелері кім, кімдерге айналған? Әлде мен Америкада немесе Британияда жүрмін бе?! Бізге беймәлім тілде жазылған, жалтыраған атаулардың

не екенін түсіну үшін, жер ортасынан асқанда ағылшын тілін үйренуім керек пе?! Қазақтың басқа астанасы жоқ. Өз жерімде, туған елімде, сүйікті қаламда өзімді неге жат жұртта жүргендей сезінемін?!

Ала-шұбар атауларын атойлатқандар қай заңға сүйеніп еркінсіп отыр? Өзге тілдегі атауларды жиып алатын жан жоқ па деген оймен, Қазақстан Республикасының тіл туралы заңына үңілдім. Заңның «Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі» делінген 21-бабында «Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде – сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады». Заңнан кемшілік көріп тұрғанымыз жоқ. Бірақ осы заңнан хабары жоқтар неге ойларына келген тілмен мекемелерін ашып, тілімізді мансұқтап жүр.

Жалпы, осы атаулардың бәрі белгілі бір кәсіптің көздері. Алдында айтылған тізімді тұйықтай келсек, бұған шаштараз, сұлулық салондары, спорт залдары да кіреді.

Бұл кәсіпке атау беріп, ісін алға оздырудың ғылыми тілде анықтамасы бар. Оны «Нейминг» дейді екен. Бұл дегеніміз фирмалардың тауар, қызмет, жобаларының атауын құлаққа жағымды, көзге сүйкімді мағынасын мәнді етіп атаудың амалы. Оңынан келген атау бастаған бизнестің жалауына айналып, елдің жадында жүріп, тасының өрге домалауына әрекет етер еді.

Алайда астанамыздың «неймингтері» тек қазақ тіліне қарсы жасалған әрекеттердің жиынтығы сияқты. Келіспеңіз, қала көшелерін аралап, екі қапталында қаптап тұрған өзге тілдердегі атауларға көз жүгіртіңіз. Сіз бен біздің, яғни қазақтың ана тіліне қарсы шабуылы демеске амалың жоқ...

■ ШЫМКЕНТ

Шымкенттің дендропаркінде гүлдеген өсімдіктер әлемнің түкпір-түкпірінен жеткізілген. Өсімдіктер мегаполисті газдан тазартып, қоршаған ортаны сауықтыруға сеп болып отыр. Қазіргі уақытта өсімдіктердің гендік қоры ұлғаюда. Жалпы, мұнда олардың 95 түрі өседі.

■ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Сыр өңірінде «Еңбек» бағдарламасы бойынша біршама адамдар бизнес идеяларын дамыту үшін жеңілдетілген несиелер мен мемлекеттік гранттарға қол жеткізсе, енді біреулері техникалық, кәсіптік білім алып, жаңа салаға бет бұрған. Мәселен, бір ғана Жалағаш ауданында биыл 43 адам шағын несиелерге қол жеткізген. Оларға барлығы 190 миллион теңгеден аса қаржы бөлінген.

■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Торғай ауылында жаңа спорт нысаны бой көтереді. Қазір орталық стадион күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарланған. Бұдан бөлек аудан орталығында жаңадан дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің іргетасы қалана бастады. Мұнда волейбол, баскетбол, бадминтон алаңы және жаттығу залы болады.



ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



ТҮРКИЯ ІРІ ГАЗ ҚОРЫН ТАПТЫ

Түркия қоры шамамен 320 млрд текше метр газ резервін тапты. Бұл туралы ел президенті Режеп Тайып Ердоған хабарлады. Оның айтуынша, табиғи газды «Фатих» бұрғылау кемесі Қара теңізде анықтаған.

Енді жоспар бойынша Түркия 2023 жылдан бастап бұл кен орнынан газ өндіретін болады. Ал әзірге арнайы құдықтар ашылып, шұғыл дайындық жұмыстары басталмақ. Ердоғанның айтуынша, табылған газ елдегі энергия тапшылығы мәселесін түбегейлі шешуге мүмкіндік береді. Әрі Түркия болашақта газ экспорттаушы елге де айналуы ықтимал.



БРЮССЕЛЬДЕ ТӨТЕНШЕ САММИТ ӨТТІ

Бельгия астанасы Брюссельде Еуроодақтың төтенше саммиті өтті. Бейнеконференция форматында ұйымдастырылған жиында одақ мүшелері Беларусьте өткен президенттік сайлау қорытындысын мойындаудан бас тартты.

Сондай-ақ олар Беларусьтегі азаматтық қоғам мен ереуіл кезінде зардап шеккен азаматтарға көмек ретінде 52 миллион еуро бөлуге келісті. Осының алдында Еуроодаққа мүше елдердің Сыртқы саясат басшылары Беларусьтегі ереуіл кезінде халыққа күш қолданған тұлғаларға санкция салу мәселесін қолға алған.



COVID-19: ЖҰҚТЫРҒАНДАР 23 МИЛЛИОНАН АСТЫ

Әлем бойынша вирус жұқтырғандардың саны 23 миллион 382 мыңнан асты. Бұл – Джонс Хопкинс университетінің мәліметі. 810 мыңға жуық адам індеттің құрбаны болған.

Соңғы аптада ауруға шалдыққандар саны 1 миллионға артты. Ақпарат көздеріндегі мәліметке сәйкес, коронавирус әсіресе АҚШ-та көп. Мұнда 5 млн 600 мың адамнан дерт анықталса, Бразилия мен Үндістанда індет жұқтырғандар саны 3 миллионнан асып кетті. Ресейде де індеттің ілмегіне ілінгендер 1 миллионға жуықтады. Ал Қазақстанда 105 мыңға жуық адам індет жұқтырып, 1415 адам бақилық болды.



Қалиакбар УСЕМХАНҰЛЫ



ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ ҚҰЛДЫРАМАСЫН

» Бүгінгідей бүкіл әлем індетпен күрескен алмағайып заманда адамдар арасындағы ізгіліктің ірге аудармауына, рухани құндылықтарды құлдыратып алмауға үлес қосу, күресу қоғамның әрбір мүшесі үшін үлкен жауапкершілік, тіпті азаматтық парыз дер едік. Әсіресе, тағдырында талай тақсиретті бастан өткерсе де үлкен мен кіші ортасындағы қайырымды қарым-қатынастардың қаймағын бұзбай сақтап келген ата-бабаларымыздан қалған бұл асыл дәстүрлерді біз айнымас аманат ретінде қабылдауға тиіспіз.



Қырымбек КӨШЕРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев маусым айының соңында «Ана тілі» газетіне берген «Қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр» атты сұхбатында қоғамда қордаланған бірқатар рухани мәселелердің түйінін тарқатып, қазіргідей қиын-қыстау кезеңде ұлттық болмысты сақтап қалу, қазақ тілінің қазіргі ахуалы және басқа да көпшіліктің көкейінде жүрген келелі сұрақтарға байыпты жауап қайтарды. Ел Президенті осы сұхбатында ұлттық құндылықтар болмаса, ақпарат, жасанды интеллект, машиналар мен роботтар әлемінде жұтылып кететініміз сөзсіз екенін айтып, зиялы қауым өкілдерін болашақ өмір көкжиегі туралы мәселені қазірден ой таразысына сала беруге шақырды. Бұл бағытта ұлт-

тық интеллигенция өкілдері өзекті тақырыпқа өздерінің парасатты пайымдарын ортаға салып, тұжырымдарын ұсынғандары абзал.

Иә, бұл мәселеде бәріміз мойындауға тиіс бір ақиқат бар: жаһанды жайлаған бүкіләлемдік індет пен ғаламдық әлеуметтік-экономикалық дағдарыс аясында әлем енді бұрынғыдай болмайды...

Тереңнен толғап, арыға үңілесек адамзаттың санасында сілкініс, рухани қозғалыс қажеттілігін пайымдаймыз. Болашақта үлкен өркениет өзгерістерінің куәгері боламыз деп ойлаймыз.

Сондықтан алдағы уақытта елімізде қоғамдық сананы жаңғыртудың өзектілігі арта бермек. Осы бағытта Елбасы Н.Назарбаев ұсынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының тың тынысы ашылады деуге әбден болады. Жаһандық дағдарысты жеңіл өмір сүру үшін халықтың санасын, өмір-салты мен ұстанымдарын трансформациялауымыз керек. Бұл тұрғыда бағдарламаның жаңа жобалары қажет. Осы тұста зиялы қауымды, әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерін ортақ пікірлесуге, жаңа жобаларды бірлесе жасауға шақырамыз.

Ал өркениет өзгерістері қазіргі адамзаттың өткенді фальсификациялап, болашақты мистификациялаған заманында өте өзекті болып тұр.

Енді өмір бұрынғыдай болмайды. Қаласаныз да осы, қаласаныз да осы. «Бұрынғыдай болмайды» дегенге қара аспанды суға алдырғандай қараудың жөні және жоқ. Бұл енді өмір бұрынғыдан әлдеқайда өзгеше болады дегенді ғана білдіреді. Егер вирус

қатерінің беті қайтқаннан кейін де оның ауық-ауық соғып кетіп отыратынын, жалпы індет атаулының уақытты араға салып барып, мутацияға түсіп оралып тұратынын ескерсеңіз, енді өмір қиындай түсетінін түсіну қиын емес. Адамзаттың табысы азауы сатып алу қабілетін төмендететінін, ал сұраныстың кемуі ұсынысты азайтатынын, ал мұның аяғы өндірісті шектеуге тірелмей қоймайтынын ұғыну үшін маман экономист болудың қажеті жоқ. Сондықтан бізді алдағы қиындықтардан тек еңбек, еңбек және еңбек құтқара алатынын айта беруге, айта беруге тиіспіз.

Дағдарыстан кейінгі өмір, бәрінен бұрын, бәсекеге қабілеттілікті талап етпек. Дағдарыс тек экономикалық құлдыраудың емес, жаңа мүмкіндіктер мен дамудың бастауы екенін де түйсінуіміз керек.

Бұл орайда, бүгінгідей күрделі кезеңде халық болып кеңесіп, жұрт болып бәтуаласатын келелі мәселелер аз емес. Соның бірі той-томалақ, ас жиын, жаназа сияқты халық көп жиналатын ғұрыптық дәстүрлерге байланысты. Қазір өзіміз көзімізбен көріп, куә болып жатқанымыздай бекітілген санитарлық талаптарды бұзып, жасырын той жасап, құдалық өткізіп, ас беріп жатқан оқиғалардың арты орны толмас өкінішке әкеп соқтыруда. Мұндай басқосуларға жиналған қарақұрым халықтың тең жартысының ауру жұқтырып, ауыр халде жатуын, тіпті бірқатарының ақтық сапарға аттанып кетуіне себепкер болуын немен түсіндіре аламыз?

Әрине, қазақта «Той – тәңірдің

қазынасы» деген сөз бар. Бірақ осы сөзді айтқан бабаларымыз «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген сөзді де ескеріп жүруімізді қаперімізге салып кеткен. Біз қазір құндылықтары жаңарған мүлде өзге ғасырда өмір сүріп жатқанымызды естен шығармауымыз керек.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық прагматизм мәселесі туралы өте өткір әрі жан-жақты атап көрсетеді. Біз мақалада көрсетілген осы бағытқа тереңнен қарауымыз керек деп ойлаймыз. Дамыған елдер ертеден үнемшілдікті, жинақылықты басты құндылығына айналдырса, ал бізде бәрі керісінше – даңғазадан, даңғойлық пен кердендік, орынсыз сән-салтанаттан әлі арыла алмай келеміз.

Ашығын айтқанда, бізде ұлттық прагматизмнің негіздеріне қайшы келетін ысырапшылық сияқты әдеттерге қарсы шаралар қабылдауда нақты ұстаным жоқ.

Көрші елдерде туғаннан өлгенге дейінгі орындалатын салт-дәстүр, (той, ас, жаназа, т.б) әдет-ғұрып рәсімдерін заңмен реттеп қойғандықтан, халық қойылған талапты қалыпты түрде қабылдайды. Біз не істеуіміз керек?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осыдан екі жыл бұрын «Қазақстан БАҚ-тарындағы үйлену тойлары мен басқа да мерейтойларды өткізудің жаңа тәсілдері туралы пікірталасты қолдаймын. Жауыр болған атаққұмарлық ысырапшылықтан, сән-салтанаттан құтылатын жаңа үлгі қажет. Өзбектер, түріктер, түрікмен-

дердің үлгілері бойынша ұлттық салт-дәстүрге ден қою қажет» деген пікір білдірген еді.

Алдағы уақытта көпшілікпен кеңесе келе, біз де көрші елдердің үлгісі бойынша ғұрыптық рәсімдерді заңмен реттеу шараларын қолға алатын уақыт жетті деп ойлаймыз. Бұл, әсіресе, қазіргідей бейне бір соғыс жағдайындағыдай әрбір отандасымыздың өмірін сақтап қалу үшін күні-түні күресіп жатқан әлемдік пандемия кезінде аса қажет.

Бір сөзбен айтқанда, біз қазір тоғыз жолдың торабында тұрған сияқтымыз. Сондықтан ұлттық мүддемізді, ұлттық құндылықтарымызды дамытуда біз бірге болуға міндеттіміз! Ал оны іске асыру жолында, әрине, әртүрлі пікірлерге жол ашық болуы тиіс.

Қазақта «Мұратың асыл болсын» деген баталы сөз бар. Орайы келген осы тұста ұлтымыз үшін аса маңызды үш мұрат туралы өз ойымды ортаға салғанды жөн көрдім.

Бірінші мұрат. Пандемиядан кейінгі кезеңде қазақ қоғамының алдына ЕҢБЕК мұраты шығуы тиіс. Әлемдегі озық мемлекеттердің қай-қайсысы да дамудың биік шыңына тек еңбек арқылы жеткенін естен шығармаған абзал. Ұлы Абайдың 1895 жылы жазған «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» дейтін өлеңінде «Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ, ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай» десе, «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?» деген өлеңінде *Еңбек жоқ, қаракет жоқ,*

қазақ кедей,

Тамақ аңдып қайтеді тентіремей? – деп ащы ақиқатты ашып айтқан болатын. Сондықтан біз іргелі ел боламыз десек, еңбексіз ешқандай табысқа жете алмайтынмызды есте ұстағанмыз жөн.

Екінші мұрат. Әлем жұртшылығын әбігерге салған індет кезінде біз ненің қажет, ненің қажет емес екенін толық түсінген тәріздіміз. Осы орайда қалың елдің алдына **Денсаулық мұраты** шығады. Халқымыздың «**ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде**» деген даналығы қандай керемет! Жас кезден денсаулықты күтуге, сақтауға барынша көңіл бөлген абзал. Әр азамат ширақ та сергек болудың барлық амалдарын жасауы керек. Бұл тұрғыда іргедегі Қытай елінің жаппай денсаулық сақтау бағытындағы іс-қимыл, күнделікті жаттығу амалдарынан үйрену артық етпейді.

Үшінші мұрат – білім мұраты. Білімді болу үшін көп оқу керек. Осы ретте Қазақстанда кітап культін жасау ісі өте маңызды. Әлемнің озық елдерінде кітап оқу мемлекеттік деңгейдегі мәртебелі міндет саналады. Өкінішке қарай, қазір біздің жастарымыз, әсіресе өскелең ұрпақ тек смартфон парақшаларын қызықтаудан арыға бара алмай отыр. Мұндай уақытты «босқа өлтіру» амалдарынан тезірек арылу керек.

Қазіргі таңда жұртшылықпен жұмыла талқылауды қажет ететін тағы бір көкейкесті рухани тақырып – отбасы мәселесі. Жалпы жаһандану заманында ұлт ретінде сақталып қалу үшін отбасыдағы ұрпақ тәрбиесінің мәні зор. Ата-бабаларымыз «**Отан отбасынан басталады**» деп тегін айтып кетпеген. Өнегелі отбасыда тәрбие алған өскелең ұрпақ қана атамекенін ардақтап, Отанын қастерлей білетіні ақиқат. Біз тәуелсіздік жылдарында түпқазығын таппай жүрген ұлттық идеямыздың тамыры, міне, бабалар аманат еткен осы шаңырақтың берекесінде, керегенің киесінде жатыр деп ойлаймыз.

«**Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің**» демекші, отбасыда ұлағатты тәрбие алмаған, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірмеген жастан келешекте елін сүйер отаншыл патриот шықпайтыны белгілі. Ашығын айтсақ, бүгінгі қоғамда орын алып жатқан ажырасу, қол жұмсау, зорлық-зомбылық және басқа да түрлі әлеуметтік қайшылықтардың басым бөлігі отбасы тәрбиесінің босаңдап, жоқ босап кетуінің кесірі деп білеміз.

Ежелден қазақ қоғамы тәрбие талбесіктен басталатынын ұрпақтың құлағына сіңіріп келген. Халқымыздың «**Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер**» дәстүрі бойынша ұлды ел қорғайтын еңселі азамат болуға, қызды ұлтты ұйыстыратын инабатты ана болып өсуге ерте жастан баулыған. Сондықтан Отанға деген

дәстүрлеріне, көп балалы отбасыларды ардақ тұтатын қасиетіне селкеу түсіріп алмауды да ойлауға тиіспіз. «**Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады**» дейді біздің қазақ. Әр баланың өз несібесі болады. Мынандай алып даланың астын да, үстін де толтырып тұрған ғажап байлықтарды өзгеңің көмегімен емес, өзіміздің қолымызбен игеру үшін біз көбеюіміз керек. **Көбейгеннің ғана көсегесі көгереді.** Айналадағы жұрттармен салыстырғанда біздің өсу қарқынымыз баяу екенін ашық айтып, осыған анық алаңдауға тиіспіз. Бұлтың-бұлтың етіп тұратын аумалы-төкпелі дүниенің қалай-қалай құбылатынын, жаһан желінің қай кезде қалай қарай соғатынын ешкім де болжап біле алмайтын кез келе жатқандай. **Сондай-сондай замандарда қандай сынақтарда**

да көптігімізді көрсетуге мүмкіндігіміз болуы керектігін, оның үстіне санның түптің-түбінде сапаға айналмай қоймайтынын ұдайы ұмытпауымыз қажет. **Жұмыс қолы артылып-төгіліп жатқан оңтүстіктегі өңірлерден жұмыс қолын қажет етіп тұрған солтүстіктегі атамекенге қоныс аударушыларға барынша жағдай жасау, ішкі миграцияны мемлекеттік саясат деңгейінде реттеп отыру биліктегі атқа мінген азаматтардың перзенттік парызына айналуы жөн.**

Әрине, рухани құндылықтар қатарында **ана тіліміздің ахуалы** алдыңғы қатарда тұратыны белгілі. Бүгінгі таңда бұл бағытта елеулі жұмыстар атқарылса да, көпшілік тарапынан мемлекеттік тілдің әлі де қолданыс аясы кеңімей отырығанын айтып келе жатқаны да

қоғамда айқынырақ айтуға негіз бар деп есептейміз.

Қазақта «Тексіздік – тілсіздіктен басталады» деген сөз бар, сол сөз – анық сөз. Дәстүрі берік, тағылымды тарихы таңбаланған халық жат құндылықтардың жетегінде кетпейді.

Бұл бағытта Елбасының бастамасымен латын әліпбиіне көшу мемлекеттік тілдің дамуына жасалған жаңа бетбұрыс. Жаңа әліпбиі қоғамның барлық саласына енуі керек. Жаңа әліпбиі қазақ тілінің ХХІ ғасырдағы ақпараттық технологиялар тіліне айналуына жол ашады. Яғни қазақ тілінің жаңа дәуірі басталады!

Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында айтқан «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтара-



Қазіргі таңда жұртшылықпен жұмыла талқылауды қажет ететін тағы бір көкейкесті рухани тақырып – отбасы мәселесі. Жалпы жаһандану заманында ұлт ретінде сақталып қалу үшін отбасыдағы ұрпақ тәрбиесінің мәні зор. Ата-бабаларымыз «Отан отбасынан басталады» деп тегін айтып кетпеген. Өнегелі отбасыда тәрбие алған өскелең ұрпақ қана атамекенін ардақтап, Отанын қастерлей білетіні ақиқат. Біз тәуелсіздік жылдарында түпқазығын таппай жүрген ұлттық идеямыздың тамыры, міне, бабалар аманат еткен осы шаңырақтың берекесінде, керегенің киесінде жатыр деп ойлаймыз

ақиқат. Бұл мәселеде біз әуелі мемлекеттік тілдің даму эволюциясына назар аударуымыз керек. Егемендіктің елең-алаңын алып қарайық. Тоқсаныншы жылдардың басында қазақ ұлтының саны халықтың 39 пайызын ғана құрағанын жаңа айтып өттік. Ел басшылығының алдында ең бірінші тәуелсіздікті сақтап қалу міндеті тұрды.

Өз жерімізде тұрсақ та, қалыптасқан жағдайға байланысты Ата Заңға қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруді сұрауға мәжбүр болған күрделі кез еді бұл. Осыған орай Елбасы мемлекеттің тұтастығы мен тұрақтылығын сақтау үшін тіл саясатында осындай сарабал саясат ұстанды. Соның арқасында мәселені саяси ушықтырмай, мүмкін ішкі сілкіністерге жол берілген жоқ, мемлекеттік тілдің мәртебесі кезең-кезеңмен артып келді.

Алдағы уақытта сарапшылардың пікірінше, халқымыздың саны 19 миллионға, ал мемлекет құраушы ұлт – қазақтардың үлесі кемінде 78 пайызға жетеді деп күтілуде. Бұйыртыса, айналасы отыз жылдың ішінде қазақтардың ел халқындағы үлес салмағы 1991 жылғы 39 пайыздан екі есе артқалы отыр.

Ендігі кезекте ұлтаралық келісімді сақтай отыра, тіл және басқа да ұлттық мәселелерді

лық қатынас тіліне айналатын кезеңі алыс емес» деп нақты межесі белгілеп беруі, әрі таяуда берген сұхбатында «қазақ тілінде сөйлеу мақтаныш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн» екенін атап көрсетуі айғақ болмақ.

Түптеп келгенде, барша дүниежүзі сынаққа түскен осы сындарлы шақта біздің халқымыз да өзінің рухани қазынасын қастерлеп, аңсап жеткен мемлекеттігімізді, тәуелсіздігімізді шайып жіберуге жол беретін кез келген әрекеттердің алдын алу – бүгінгі ұлттық жауапкершіліктің басты міндеті, бүкіл қоғамның мойнындағы парыз. Аңсап жеткен Тәуелсіздігімізді Жаратқан Иеміз бұл жолғы пәле-жаладан да аман сақтасын, ұлттық құндылықтарымызды ғұмырлы еткелі!

Ұлттық құндылықтарымыз – мәңгілік ардақ тұтар асыл қазынамыз. Құндылықтарымыз құлдырамасын. Ұлтты ұйытып тұрған ұлы қасиет-терімізді бойымызда да, ойымызда да сақтай алсақ, бәрі орнына келеді, жерімізге де, елімізге де жаңа жақсылықтар қосыла береді.

*Ана тілі газеті
№33(1553)
20-26 тамыз 2020 жыл*

ЕЛОРДАЛЫҚ 34,5 МЫҢ ОҚУШЫҒА КОМПЬЮТЕР БЕРІЛЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТҮРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРАДЫ

– Мемлекет басшылығы мұғалімдердің жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөледі. Сол мақсатта «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап мұғалімдердің жалақысы 25 пайызға артты. 2024 жылға дейін тағы 25 пайызға өседі. Былтыр біз өз тарапымыздан тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік жәрдемақы түрінде 1 млн теңге сомасына өтеусіз негізде 275 тұрғын үй сертификатын бөлдік. Осы жылы да мұғалімдердің тұрғын үй жағдайын жақсартуға көмектесеміз, – деді Алтай Көлгінов.

Қала басшысы өз сөзінде биыл «Қазақстандық ипотекалық ұйыммен» бірлесіп 1 мың әлеуметтік пәтер беру туралы келісімге қол қойылғанын атап өтті. Бұл баспанаға мұғалімдерден басқа медицина қызметкерлері, полицейлер, әлеуметтік қызметкерлер, мәдениет және спорт қызметкерлері де үміткер бола алады.

Былтыр жұмысын енді бастаған мұғалімдерді



қолдау мақсатында 350 орындық жас педагогтар үйі салынды. Қала әкімдігі мұғалімдердің кәсіби дамуына үнемі көңіл бөледі. Атап айтқанда, «Ozat» жобасын іске асыру аясында мектептер мен колледждердің 400 мұғалімі PISA тапсырмаларына білім алушыларды даярлау бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқудан өтті. Кембридж университетімен бірлесіп SHARE жобасы іске қосылды. Соның

ішінде мұғалімдер бірлесіп зерттеулер жүргізеді, ақпарат алмасады, біліктілігін көтеру бойынша басқа да жұмыстар қарастырылған.

БИЫЛ 12 МЕКТЕП БОЙ КӨТЕРЕДІ

Мұғалімдерді ерекше қуантатын жаңалық, биыл бас қаланың ұстаздары алғаш рет «Нұр-Сұлтан қаласының құрметті педагогі» медалімен марапатталады. Медаль иелеріне 830 мың теңгеден (300 АЕК) төленеді.

Елорда әкімі өз сөзінде биыл бас қалада 12 мектеп бой көтеріп, 26 білім беру нысаны жөнделетінін, инклюзивті білім беру кабинеттері ашылатынын атап өтті. Бұл былтырғымен салыстырғанда екі есе көп. Келесі жылы да елордада 12 мектеп салынады.

– Егер былтыр инклюзивті біліммен қамту 80 пайыз болса, биыл бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізуді жоспарлап отырмыз. Тұңғыш Президент – Елбасы

қорының бастамасымен екі жаңа мектептің негізінде 1 қыркүйекке дейін 30 орындық 2 инклюзивті қолдау бөлмелері ашылады. Шілдеден бастап «Асыл мирас» кабинеті жұмыс істей бастады. Онда халықаралық сертификатқа ие және замануи әдістемелерді меңгерген мамандар жұмыс істейді. Қыркүйек айында зияткерлік қабілеті төмен 100 балаға арналған №3 арнайы мектеп ашуды жоспарлап отырмыз. Күзде көру қабілеті нашар балаларға арналған балабақша ашамыз, – деді А.Көлгінов.

Жаңа оқу жылында елорда мектептерінде қосымша білім берудің 8 филиалы және тағы 2 қоғамдық орталық ашылады. Жаңа мектептердің бірінші қабатында балаларға арналған шағын орталықтар, оңалту орталықтары, балабақшалар, медициналық кабинеттер сияқты әлеуметтік нысандар ашылады.

ОН ЖЕТІ МЫҢ БАЛАҒА КӨМЕК БЕРІЛЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласында жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларына мектепке қажет құрал-жабдық алу үшін 40 мың теңгеден бөлінеді. Жалпы, қала бойынша 17 мың балаға көмек көрсетіліп, 7

мың бала «Мектепке жол» шарасымен қамтылады.

– Өткен жылы мектеп құралдарын сатып алуға бөлінген қаржы әр балаға 30 мың теңге болды. Биыл ол 40 мың теңгеге дейін артты. Егер отбасында 3-4 баладан болса, онда әр балаға 40 мың теңгеден бөлінеді. Бұл мақсатқа бюджеттен 680 млн теңге бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп, – деді қала басшысы.

САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТЫ ҚАТАҢ САҚТАУ ҚАЖЕТ

Алтай Көлгінов мектептер мен колледждердің директорларына жаңа оқу жылына санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай дайындалуды тапсырды. Атап айтқанда, оқу орындары басшылары санитаризерлер орнатып, қашықтықты сақтау туралы белгілерді орнату шарт. «Кезекші сыныптардың» оқушылары парталарға шахмат тәртібімен отыруы керек.

– Жаңа оқу жылына сапалы дайындықты қамтамасыз ету маңызды. Қашықтан жұмыс режиміне көшу студенттердің алған білімінің сапасына әсер етпеуі керек. 1-4-сынып оқушылары «кезекші сыныптарда» оқи алады. Санитарлық талаптардың қатаң сақталуын қамтамасыз ету қажет, – деді А.Көлгінов.

Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ



БІРІНШІ СЫНЫПҚА 26 МЫҢ БАЛА БАРАДЫ

Алдымен балабақшалардың дайындығына тоқталған баяндамашы мектепалды даярлық мекемелерінің жұмысы бас санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес 17 тамызда «кезекші топтар» режимінде жанданғанын айтып өтті. Дәл қазір мемлекеттік және жекеменшік балабақшаларда 503 «кезекші топ» ашылған. Онда барып жүрген балдырғандардың жалпы саны – 5299.

– Мектепалды даярлық мекемелері жұмысының алгоритмі әзірленді. Барлық нысандар санитарлық талаптарға сәйкес дайындалды. «Кезекші топтар» жұмысын Білім басқармасы ерекше бақылауда ұстап отыр, – деді Б.Сматаева.

Бүгінгі таңда бас қалада 117 орта мектеп бар. Оның 91-і – мемлекеттік, 22-сі – же-

кеменшік, 1-еуі – республикалық және 3-еуі – Назарбаев зияткерлік мектебі. Жаңа оқу жылында қала мектептеріне 202 мың оқушы барады деп болжанып отыр. Бір атап өтерлігі, өткен оқу жылында орта білім беру орындарында 182 мыңнан аса бала оқыған. Яғни оқушылар саны 20 мың балаға артып отыр. Соның ішінде биыл 1-сыныпқа 26 мың оқушы барады. Құжаттар egov.kz электронды үкімет порталы мен қағаз форматында қабылданып жатыр. Қазіргі күні 23443 өтініш келіп түсті.

– Жаңа оқу жылы астананың барлық мектептері мен колледждерінде 1 қыркүйек күні қашықтан оқыту форматында басталады. Бастауыш сыныптарға «кезекші сыныптарды» енгізу жоспарланып отыр. Мұндай сыныптар 42 мыңға жуық оқушыны қамти-

ды деп отырмыз. «Кезекші сыныпқа» балаларды жіберу, жібермеу мәселесін ата-аналары шешеді. Оқытудың өзі бірнеше топқа бөлінеді. Бір сыныпта оқытылатын оқушылар саны 15-тен аспайды. Әрине, барлық санитарлық талаптар сақталады. Мұны жаңа оқу жылын ұйымдастырудың басты міндеті деп белгілеп отырмыз. Мектептер дезинфекциялық құралдармен, тепловизорлармен қамтылады, – деді Білім басқармасы басшысының орынбасары.

КОМПЬЮТЕРМЕН ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАМТЫЛҒАН?

Оның айтуынша, мұғалімдер мен оқушыларды компьютер және интернетпен қамтамасыз ету үшін тиісті жұмыстар қолға алынған. Компьютерлердің қажеттілі-

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

» Қазіргі қысылтаяң кезеңде елордада жаңа оқу жылына әзірлік қалай жүріп жатыр? Мектептер толығымен дайын ба? Оқушылар мен ұстаздар керекті құралдармен қамтылған ба? Осы және білім саласына қатысты басқа да өзекті мәселелер қалалық қоғамдық кеңес отырысында талқыланды. Ағымдағы жағдаймен Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Бағлан Сматаева таныстырды.

гіне қатысты мониторинг өткізілді. Қазіргі кезде жалпы білім беру мектептерінің балансында 11648 компьютер бар. Осы жылдың сәуір айында – 2613, маусымда 513 компьютер сатып алынды.

– Қазір компьютерлердің қажеттілігі 35707 мыңды құрап отыр. Соның ішінде мұғалімдерге 437 компьютер керек. Ал интернет 22600 адамға, 581 мұғалімге қажет. Тамыз айында жан басына қаржыландырудың есебінен 700 миллион теңгеге 2600 компьютер сатып алу жоспарлап отырмыз. Республикалық бюджеттен 4 миллиард теңге 26472 компьютерді сатып алуға бөлінді. 1 қыркүйекке дейін 12 мың компьютер, қалғаны 15 қыркүйекке дейін мектептерге жеткізіледі. Сондай-ақ, қыркүйек айында 5400 компьютер сатып алынады. Оған жергілікті бюджеттен 1 миллиард теңге бөлінді. Бірінші кезекте 689 жетім бала, 4159 ерекше қажеттілігі бар бала, аз қамтылған отбасылардың 7 мыңнан аса баласы және көпбалалы отбасылардағы 16287 бала компьютермен қамтылады, – деді баяндамашы.

Оның айтуынша, интернетпен қамтамасыз ету үшін осы тамыз айында 22600 роутер сатып алынады. Осымен мұғалімдер мен оқушыларды ғаламтормен қамту мәселесі 100 пайыз шешіледі. Жеткізуші – «Kcell» АҚ интернетті 25 тамызға дейін жеткіземіз деп отыр.

Қазір 160 мыңға жуық балада үйлерінде компьютер бар. Ал компьютерді қажет ететін оқушыларға мұны тарату 24 тамызда басталды. Бұл – мектептердің балансындағы компьютерлер. Яғни жаңа компьютерлерді сатып алуды есепке алғанда, 1 қыркүйекке дейін 190 мыңға жуық бала, 15 қыркүйекке дейін барлық оқушы қажетті техникамен қамтамасыз етіледі.

ТАМАҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІН ҚАРАУ КЕРЕК

– Жаңа оқу жылына оқулықтармен қамту 100 пайызды құрайды. Барлық оқулықтар Білім және ғылым министрлігі бекіткен тізімге сәйкес келеді. Қазіргі күнге барлық баспадан оқулықтар жеткізілді. 1-5-сынып пен 10-11-сынып оқушыларына кітаптар толығымен берілді,

– деді Б.Сматаева.

Мұғалімдерді қашықтан оқытуға дайындау үшін Нұр-Сұлтан қаласы білімді жаңғырту орталығы онлайн-сабақтар ұйымдастырды. Мұнымен 12480 ұстаз қамтылды. 24-28 тамыз аралығында барлық мұғалім Назарбаев зияткерлік мектептері әзірлеген бұл курстардан өтеді. Ұстаздарды оқыту жазда да жүргізілген екен.

Баяндамадан кейін қалалық қоғамдық кеңес мүшелері салаға қатысты сұрақтарды қойды. Кеңес төрағасы Сансызбай Есілов «кезекші сыныптарда» тамақтандыруды ұйымдастыру жайын сұрады.

Басқарма басшысының орынбасары қаланың бас санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес тамақтандыру әзірге қарастырылмағанын жеткізді. «Сабақтар 30-40 минуттан болады. Күніне 3-4 сабақтан өтеді. Сондықтан мұның аса қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз» деді ол.

Кеңес төрағасы болса балалардың таңертең үйден атақ ішпей мектепке бару әдеті барын, бас санитарлық дәрігермен ақылдасып, бұл мәселені қарау керектігін айтты.

КОРОНАВИРУСТАН КЕЙІНГІ ОҢАЛТУ ӘДІСІ

» Қазір біз коронавирусты тұмаудан немесе ЖРВИ-дан қалай ажыратуға, ПТР-сынақты қайда және қалай тапсыруға болатынын жақсы білеміз. Сонымен қатар өзіңіз немесе жақындарыңыз ауырып қалса не істеу керектігі, коронавирустың өкпені зақымдайтыны баршаға мәлім. Алайда көптеген адамдар тыныс алу функцияларын қалпына келтіру үшін оңалтудың қажет екенін біле бермейді.

ҚР Президенті іс басқармасы медициналық орталығының ауруханасы пациенттерді гипербариялық оксигенация сеанстарына қабылдауды қайта бастайды. Президенттік клиника қабырғасында пациенттерді коронавирустан кейінгі оңалту, яғни гипербариялық оксигенация әдісі қолданылады.

– Гипербариялық оксигенация немесе ГБО – бұл шамадан тыс барометрлік қысым кезінде ағзаны газбен қанықтыру әдісі. Бұл әдіс COVID-19-бен байланысты пневмониямен ауырған пациенттерге сәтті қолданылуы мүмкін, себебі мұндай паци-

енттерде ұзақ уақыт бойы субфебрильді температура, енгігу, әлсіздік және тершеңдік сақталады. Сондықтан біз президенттік клиника қабырғасында пневмониямен коронавирустан кейінгі оңалтудан өтуді ұсынамыз, – дейді медицина ғылымдарының докторы, президенттік клиника директорының емдеу-диагностикалық жұмыс жөніндегі орынбасары Раушан Қарабаева.

ГБО негізінде қысым арттыру кезінде сұйықтықтағы газдың ерігіштігін арттыратын физикалық заңдылықтар жатыр. Осылайша, атмосфералық қысымның артуы

қандағы оттегінің ерігіштігін арттыра отырып оны қанықтырады. Гипербариялық оксигенация әдісі маска арқылы оттегіні беруден әлдеқайда тиімді, ал ағзаны оттегімен қанықтыру, әсіресе, коронавирустық инфекциямен ауырған науқастар үшін маңызды.

– Коронавирустық инфекциямен байланысты пневмониямен ауыратын жүздеген науқастарды оңалтуда ресейлік әріптестеріміздің ГБО-ны қолдану тәжірибесі өзінің тиімділігін дәлелдеді. Пациенттер иіс сезу қабілеті мен температураның тез қалпына келгенін, сондай-ақ



жұмысқа қабілеттіліктің артқанын атап өткен, – дейді президенттік клиниканың гипербариялық оксигенация бөлімшесінің меңгерушісі Балқия Әбдіқалықова.

Барокамераларға белгілі бір талаптар қойылады. Аталған ауруханада емдік қысымның үлкен диапазоны бар және негізгі гемодинамикалық пара-

метрлердің мониторинг жүйесімен жабдықталған, таза оттегімен жұмыс істейтін стационарлық бір орындық барокамералар қолданылады. Пациент дәрігерлерді көріп жатады, сондай-ақ мамандар да олармен сеанс кезінде сөйлесе алады.

Гипербариялық оксигенацияны қолдануға абсолютті

қарсы көрсеткіштер жоқ. Сонымен қатар, ГБО сеанстары созылмалы обструктивті өкпе ауруы, демікпе, қант диабеті, артериялық гипертензия және инсульт сияқты қосалқы аурулары бар пациенттерге ұсынылады.

Бетті дайындаған Райхан РАХМЕТОВА



КҮЙІККЕ ҚАРСЫ КЕШЕН

» Кеше елордадағы №1 көп салалы қалалық ауруханаға күйік шалған науқастарға арналған жаңа аппарат алынды. Мамандардың айтуынша, кешен қатты күйген пациенттердің өлім-жітімі мен мүгедектік пайызын едәуір төмендетуге көмектеседі. Аппарат емделген науқастардың өмір сапасын жоғарылатуға да септігін тигізеді.

Қазіргі таңда бас қалада күйік жарақатымен науқастарды емдеу үшін жалғыз мамандандырылған бөлімше осы қалалық ауруханада ғана бар. Аталған аурухананың директоры Марат Әбдуов жаңа кешеннің жұмысымен таныстыру шарасында оны алып беруге демеушілік еткен «Eurasian Resources Group» компаниясына алғысын білдірді.

– Біздің ауруханаға еліміздің барлық өңірлерінен пациенттер келеді. Мұнда дәрігерлер көлемді күйік жарақаттарымен, денесінің 50 пайызы зақымданып, шұғыл жеткізілген

науқастардың өмірін сақтап қалуда жанталаса қызмет етеді. Бір жыл ішінде бөлімшеде 50-ден аса науқас ем алып шығады. Оларды жоғары білікті мамандар емдейді. Жаңа жабдық дәрігерлердің жұмысын әлдеқайда жеңілдетеді және науқастардың тез қалпына келуіне көмектеседі деп сенеміз, – дейді аурухана директоры.

Аталған кешенге ауасұйықтандыру төсегі, ультрадыбыстық диссектор және аргонокүшейтілген коагулятор кіреді. Күйікке қарсы керуел – кешеннің маңызды бөлігінің бірі. Оның жұмысы көтеріп келе жатқан ауа ағынының әсерінен «жалған»

сұйықтыққа, сұйықтандыру күйіне айналатын сусымалы материалдың қасиетіне негізделген. Бұл зардап шеккен дене бөлігінің жұмсақ тіндерінің қысылуы және ауырсынуды азайтады, сонымен қатар денесінің көп бөлігін күйік шалған пациенттердің жазылу процесін жылдамдатады. Керуел айналасындағы кеңістік залалсыздандырылып, арнайы ауа ағынымен кептіріледі. Керуел электрлік көтергішпен жабдықталған, ол дәрігерлерге пациентті қоларбадан керуелге және қайта көтеру кезінде пациенттің тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік береді.

ҚИЫН СӘТТЕРДЕ СҮРІНБЕЙДІ

» Елде індет шарықтау шегіне жеткен маусым айында коронавируспен күрестің қақ ортасына жіберілген дәрігерлердің бірі – қоғамдық денсаулық сақтау магистранты Балнұр Жанарбек. Ол 5 жылдан бері елордада қалалық №8 емханының алдын-алу және психологиялық, әлеуметтік көмек көрсету бөлімінде еңбек етіп келеді.

Осы жылы маусым айынан 15 тамызға дейін қаладағы №3 көпсалалы жұқпалы аурулар ауруханасында Балнұр Слямханқызы вирус жұқтырған орта және ауыр дәрежедегі пациенттерді қабылдап, емдеуге жұмылдырылған.

– Біз ПТР сынақ нәтижесінде ауруы толық расталған елордалық және қала маңындағы Қоянды, Қосшы елді мекендерінен тұрғындарды қабылдадық. Сонымен қатар вирусты пневмониямен қоса қосымша созылмалы аурулары бар науқастарды да қарадық. Мәселен, жүрек-қан айналым, эндокриндік жүйесінде ауруы бар науқастарға медициналық көмек көрсеттік. Дәрігерлік жұмыс тәжірибеміздегі ең қиын кезең болған осы уақытта тәулігіне 50-80 науқас қабылдадық. Осы аралықта әріптестерімізбен бірге мыңдаған науқастарды емдеп шығардық. ҚР ДСМ және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен дертпен күресте барлық жағдай жасалды. Бұл бізге жоғары сапалы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік берді, – дейді дәрігер.

COVID-19-бен күрес жүргізген екі айда ол да барлық әріптестері секілді Ramada Plaza қонақ үйінде отбасын көрмей жұмыс істеді. Қазір қайтадан өзінің қызмет орнына оралып, қалыптас жұмысын жалғастырып жатқан маман аз болса да тәжвирусты жұқтырып келетіндердің бар екенін айтады. Олардың дерті анықталған бойда стационарға емдеуге жіберіледі. Маманның айтуынша, дертке шалдыққандарда қорқыныш сезімі 2-3 есеге артып кетеді. Олардың көбінде бойын қорқыныш билеп, өмірден күдер үзуге дайын болатындар жиі кездескен.

– Әр түрлі науқастар болды. Қалай да дертімді жеңем дейтіндер де, тұла бойын үрей билегендер де кездесті. Сенімді адамдарды емдеу де оңай. Олар арнайы дәрігерлік емдеудің көмегімен тез-ақ жазылып шығып жатты. Ал күйзеліске түскендерге қосымша моральдық-психологиялық көмек көрсетуге тура келді. Жалпы, бұл вирус тек өкпеге ғана емес, адамның жүйке жүйесіне де теріс әсер етеді. Оның үстіне төрт қабырғада қамалып, оқшаулану, күнде интернеттен кілең «негатив» ақпараттарды оқу да науқастың еңсесін

түсіреді. Бірақ дәрігердің ең бірінші емі – алдына келген науқасқа жылы сөзін арнап, оның жазылып кететініне сенімін арттыру болғандықтан біз бұған дайын болып келдік. Дәрігер болған соң сөйлей алу, жабыққан жанның көңілін аулау да маңызды машық. Біз барлық қабылдаған пациенттердің жанынан табылуға тырыстық. Сонымен қатар қосымша қорқыныш сезімін төмендетін неврологиялық препараттар да бердік, – дейді Балнұр Жанарбек.

2008-2015 жылдар аралығында Семей мемлекеттік медицина университетінде «Жалпы медицина» факультетінде білім алған Балнұр оқуын қызыл дипломмен тәмамдаған соң, бірден елордаға бет бұрды. Еңбек жолын ел астанасынан бастауды жөн көрді. Бүгінгі жағдайға байланысты дәрігердің берер кеңесі – азаматтардың алдын-алу шараларын сақтау, дұрыс тамақтану, беттұмшаны күнделікті қоғамдық орындар мен жұмыс барысында тағу.





ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ӨРКЕНИЕТ және ОТЫРАРЛЫҚТАР

(Соңы. Басы газеттің №99 (4068) санында)

Ол – араб өркениетінің дамуына өлшеусіз зор еңбек сіңірген ұлы ғұлама. Ол араб елдерінде жүргенде 164 трактат (200 дейтіндер де бар) жазған.

1) Ол – араб және Еуропа ғалымдары мойындаған музыканың атасы.

2) Ол – араб ғалымдары мойындаған Шығыс философиясының атасы.

3) Ол – алғаш рет ғылымды жіктеген энциклопедист-ғалым.

4) Ол – замандас Бағдат медиктері мойындаған ұстаз әрі қазір медицинаның атасы саналатын Ибн Сина мойындаған ұстаз.

5) Ол – математика саласында көптеген үлкен жаңалықтар ашқан, астрономия саласында құнды еңбектер жазған, физика, химия, минералогия салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған еңбектер жазған ғалым.

6) Ол – поэзия туралы еңбек жазған ақын.

7) Әбу Насыр бабамыздың Отырарда, Орта Азияда жүргенде жазған еңбектері сақталмаған. «Әт-Тағлим әс-Сани» атты еңбегі де бізге жетпеген. Қазір араб елдерінде жүргенде 164 трактат жазғаны белгілі.

Әбу Насыр әл-Фараби ғұлама араб елдерінде көне грек ғалымдарының ойларын тереңірек түсіну үшін грек ғалымдарынан грек тілінің логикасы мен грамматикасын үйренгеннен басқа барлық білімді Отырарда, Орта Азияда алған.

ӘБУ ИБРАҺИМ ИСХАҚ ӘЛ-ФАРАБИ

Атақты неміс шығыстанушысы Карл Броккельманның (1868-1956) «Араб әдебиетінің тарихы» атты еңбегінде: «Әбу Ибраһим Исхак бин Ибраһим әл-Фараби Түркістан өлкесіндегі Фараб қаласында туған. Біраз уақыт Забидте тұрды. Сонда жүріп ол біздің заманымызға жеткен негізгі еңбегін жазды. Кейінірек туған қаласында (Отырарда – Б. Б.) ұстаздық етті де, соңыра 350/961 жылы осында дүниеден өтті» дейді.

Оның атақты туындысы «Диуан әл-адаб» («Әдеби жинақ») деп аталады. «Диуанды» баспаға әзірлеген – профессор, доктор Ахмед Мухтар Умар. Көрсеткіштерді дайындаған – араб тілі академиясының мүшесі, доктор Ибраһим Анис. Алғызсөзді тағы бір төрт беттік мақаланы доктор Ахмед Мухтар Умар жазыпты.

Ол Отырар перзенті шығармасының араб филологиясы үшін теңдесі жоқ дүние екенін қадала айтады.

Отырар ғалымының аталған жинағын Каирде төрт том етіп (1-том – 481 бет, 1974 ж.; 2-том – 501 бет, 1975 ж.; 3-том – 470 бет, 1976 ж.; 4-том – 259 бет, 1978 ж.) бастырып шығарды. Соңғы кітапқа қосымша ретінде 1979 жылы 705 беттен тұратын тағы бір том жарияланған.

ИСМАИЛ ӘЛ-ЖАУҺАРИ ӘЛ-ФАРАБИ

Ливандық әдебиетші Ханна әл-Фахури оны араб тілінің лексикография саласының білгірі ретінде таныса, ортағасырлық оқымысты Әбу Мансур әс-Сағалиби (961-1038): «Түркі шаһарларының бірі Фарабтан шыққан Әбу Насыр тамаша да ғажайып адам, араб тілінің нағыз білімпазы еді» деп жазған.

Ас-Сағалиби әл-Жауһариді тек тілші-ғалым ғана емес, сонымен қатар ақын да болған дейді. Шынында да, ол өзінің ең алғашқы ғылыми еңбегі «Китаб әл-арудта» («Өлең өлшемі жайлы кітап») араб поэзиясын терең зерделеп, өзіндік теория жасауға тырысқан. Әл-Жауһаридің бұл дүниесінің өзі тұстас ғалымдардың осы тақырыптағы туындыларынан мазмұны жағынан асып түспесе, кем соқпайтынын айтады.

...Араб тілі мен әдебиеті, тарихы мен жағрафиясының білгірлері өз туындыларында Отырар азаматы тілдің кейбір мәселелерін сөз ететін «Китаб әл-мұқаддима фин-н-наһу» («Грамматикаға кіріспе кітап») деп аталатын сүбелі еңбек жазған дейді.

Әл-Жауһари өмір сүрген тұс – араб тілі білімі саласында көптеген еңбектер жазылып, аталған тілдің сан қырының белгісіз жақтары ашыла бастаған кез. Сондықтан да Отырар перзенті араб тілінің лексикография саласын зерттеумен тереңдей айналысады. Соңыра ол, жоғарыда айтылғандай, «Тадж әл-луға уа сихах әл-арабийя» («Тіл тәжі және дұрыс араб тілі») атты, бірақ ғалымдар арасында қысқартылып «ас-Сихах» («ақиқат», «дұрыс») деп аталып кеткен атақты еңбегін жазған. Бұл еңбекті ол бәдәуи тайпалары арасында тұрған кезде бастаған сияқты, өйткені оған өзі жинаған қырық мыңға жуық сөз кіргізген.

...Әбу Мухаммад ан-Найсабури (ортағасырлық оқымыстылардың бірі – Ә. Д.) ғұзырындағы кітапханада: «ас-Сихах» – адаб жайлы өзіне дейін жазылған дүниелердің мыр-

Г.Зутер де Әбу-л Хасан Әлиді «Математика саласындағы аса күрделі еңбектері мен астрономиялық аспаптар жасауда және пайдалануда асқан шеберлігімен танымал ғалым, оның тамаша шығармалары кең таралған» деп жоғары бағалаған.

Әлам ад-Дин жайлы деректі жоғарыда аталған XIII ғасырдың орта кезінде өмір сүрген Ибн Сайд әл-Қифти еңбегінен ғана ұшыраттық. «Ибн Исмаил Әбу-л Хасан әл-Жауһари әл-манғұт Әлам ад-Дин әл-Бағдади деген ныспысымен белгілі. Ол «белгілі әскербасы», ғалым, Бағдаттың даналары мен тамаша ойшылдары арасында геометрия мен математика саласында алғыр ақыл иесі, өте зерек еді» деп жоғары бағалаған.

Әлам ад-Дин негізінен астрономия, геометрия, математика, филология секілді ғылым салаларына қатысты еңбектер жазған.

3) Ал Әбу Ибраһим Исхак әл-Фараби жазған атақты туындысы «Диуан әл-адаб» («Әдеби жинақ») араб филологиясы үшін теңдесі жоқ дүние екенін зерттеушілер жазып кеткен.

4) Исмаил әл-Жауһари әл-Фараби туралы ливандық әдебиетші Ханна әл-Фахури оны «араб тілінің лексикография саласының білгірі» деп атаса, оның ғалымдар арасында қысқартылып «ас-Сихах» – «ақиқат» аталған еңбегі туралы «Әбу Мухаммад ан-Найсабури «ас-Сихах» – адаб жайлы өзіне дейін жазылған дүниелердің мырзасы. Ол адабтың барлық түрлерін қамтып, басқа кітаптарға шашырап кеткенінің бәрін бір жерге жинап, топтастырған» деп жазып кетті.

Ғылым-білім мен өркениеттің дамуы үшін мемлекеттің күшеюі мен мемлекетті басқару ісі де өте маңызды екені айтпаса да түсінікті. Осы жағынан алып қарасақ, араб халифатының әскери күшеюі мен ислам дінінің әлемге кең таралуына түркі текті әскерилердің (салжұқтар, мамлюктер, оғыздар, қыпшақтар, османлылар және т. б.) қосқан үлесі өте зор.

Осы салада Отырардан шыққан тұлғалардан: 1) Әбу Насыр әл-Фарабидің кезінде Бағдат халифіне уәзір болған аты белгісіз (сақталмаған) отырарлық кеңесшілерді; 2) моңғол шапқыншыларынан ислам дінін қорғап қалуға өлшеусіз еңбек сіңірген отырарлық әл-Мұзафар Сайф ад-дин Құттызды ерекше атап кетуге болады.

Құттыз қыпшақтың текті әулетінен шыққан. Бала кезінде Отырар маңында моңғолдардың қолына тұтқынға түсіп, Сирияда Мысыр әмірі Айбекке сатылады. 1250 жылы Мысырдың сұлтаны болған Айбек 1253 жылы Құттызды көмекшісі етіп тағайындайды. 1257 жылы Айбек қайтыс болған соң, Мысыр билігі Айбектің ұлы – жас әл-Мансур Әлидің қолына көшеді. Осы кезде моңғолдар Бағдатты құлатып, Сирияға шабуылын бастап, бүкіл ислам әлеміне қауіп төнеді. Осындай бүкіл мұсылман әлемі үшін қауіпті кезеңде жас Әли тақтан түсіріліп, 1259 жылы Құттыз Мысыр сұлтанының тағына отырады. Ол таққа отыра салысымен моңғолдарға қарсы одақтасар іздейді. Ол дәрекі моңғолдардан ығыр болған палестиналық крест жорықшыларымен келісімге келіп, өзінің бұрынғы досы, кейінгі қарсыласына айналған Бейбарыспен бірігіп моңғолдарға қарсы шығады. Моңғол ханы Хулағудың сөзсіз бас ию туралы талап етіп жіберген елшілерін қырып салып, моңғолдарға қарсы соғысты өзі бастайды. 1260 жылдың 3 қыркүйек күні Сирияның Айн-Жалуд деген жерінде моңғолдарға күйрете соққы береді. Бұл жеңістің арқасында моңғолдардың беті қайтарылып, Сирия мамлюктердің қолына көшеді.

Бұған дейін ешкімнен беті қайтып көрмеген моңғолдарға алғаш болып қарсы шығып, алғаш рет моңғолдарды жеңген билеуші осы Отырардан шыққан Мысыр сұлтаны Құттыз болды.

Мысырға қайтар жолда Құттызға бұрыннан кегі бар Бейбарыс мамлюк әмірлерімен бірігіп, 30 қазан 1260 жылы аң аулап жүргенде Құттызды қастандықпен өлтіреді.

Осы мысалдардан көрініп тұрғанындай, отырарлықтар мемлекетті басқару ісі мен араб ғылымының негізін қалаудан бастап, тіпті араб тілі мен филологиясының ғылыми негізде қалыптасуына да зор еңбек сіңірген.

**Бекжан БЕЙСЕНБАЙ,
отырартанушы**



засы. Ол адабтың барлық түрлерін қамтып, басқа кітаптарға шашырап кеткенінің бәрін бір жерге жинап, топтастырған» деп ескерткен. Соған қарағанда әл-Жауһари өз дүниесін жазу үстінде, шынында да, өзіне дейін жазылған еңбектердің бәрін қарап, араб тілі сөздіктерін жасау жұмыстарының тәжірибесін ғылыми тұрғыдан қорытындылап, ешкімді қайталамай, ештеңені де ұмыт қалдырмауға тырысқан.

ӘЛАМ АД-ДИН ӘЛ-ЖАУҺАРИ (ӘЛ-ФАРАБИ)

Ол – жоғарыда сөз болған әл-Жауһаридің баласы. Ұлы жерлесіміз баласының «Әлам ад-Дин әл-Бағдади» деген тағы бір ныспысына қарап оны Бағдатта туған деп ойлаймыз.

Осы отыздан аса фарабтық-отырарлық ғалымдар түрлі салада: математика, астрономия, тарих, филология, діни (хадисші, фикх) және поэзия-ақындық өнерлерімен тарихта аттары қалыпты. Олар өз еңбектерімен араб өркениетінің қалыптасуына өлшеусіз қызмет етті. Мысалы:

1) Аббас әл-Жауһари түркі текті ортаазиялық ғалымдар Хорезми, Ферғани, Марвазидімен бірігіп Бағдат обсерваториясы мен «Даналық» үйінің негізін қалаушылардың бірі болса;

2) Әбу Насыр әл-Фараби көптеген салаларда: музыка, Шығыс философиясы, медицина, ғылымдарды жіктеу, астрономия салаларында теңдесі жоқ ұстаз болды;

Иә, «Сауып ішер сүті жоқ, мініп көрер күші жоқ, ақша деген мал шықты» дегелі бір жарым ғасырдай уақыт өтіпті. Одан бері көп нәрсе өзгере қоймады. Бүгінгі қазақтың заманына қарай пиғылы да ауысып, «ақшаң болса қалтаңда...» дегенінен танар емес. Қалтадағы емес, көкейдегі сағымға жетеміз деп несиеге ұрынып жүргеніміз осы. Ол да бір жау. Ішпей-жемей тапқан-таянғанымызды уыстап банкке аударып, қалтамыздың түбінде қалған тиын-тебеннің жылуын сезіне алмай-ақ қойдық.

Мұның өзі аяқ-қолымызды шырмап, ақша атты неменің құлақ кесті құлына айналдырып жібергендей. Жұмсаған жеріңе үндемей кететін ақша осылайша билігін баршамамызға жүргізіп тұр.

Түптеп келгенде, мұның бәрі – ақшаны алақанымызда ұстай алмауымыздың салдары. Ақша ұстау да өнер. Сол өнеріміз кемдігінен жасымыздан тиынның қадіріне жетпей, есейе келе маңдай термен келгенді көбейтудің жолдарын білмей дағдардық. Несиеге белшемізден батқанмыз да сондықтан. Алғанда біреудің ақшасындай көресің, бергенде өз ақшаң болған соң қиналамыз.

Жалпы, есепшілерді оқытатындай, алдымен азғантай ақшаны, сосын қаржыны басқаруды мектеп жасынан үйреткен жөн сияқты. Ол үшін тұрмыс-тіршіліктегі нәрселердің үнемін білгеннің

«АҚШАҢ БОЛСА ҚАЛТАҢДА...»

Жыл басындағы есеп бойынша елімізде 5 млн адамның кредиті бар. Халықтың банк алдындағы қарызы 6 трлн теңгеден асты. Ал төленбеген кредиттің көлемі 600 млрд теңгедей екен. Мұның астарында қарапайым халықтың қаржы ұстауға келгенде сауатсыздығы мен қамсыздығы жатыр.



ешкімге зияны болмас еді. Тиын сол үнемнен түседі, ұқыптылықтан басы құралады. Ол үйдегі өшірілмей қалған жарық, тоқтан суырылмай қалған қуаттағыш, шүмектен тамшылап тұрған су, жейтініңнен артық сатып алынғаннан...

Есебіне түзу бикелердің жанқалтасында отбасының кіріс-шығыстарын түгендеп жазатын дәптері болуы тиіс. Онда айына түсетін

кірістерді есептеп, «қажеттілік, керек нәрсе және ақша жетсе алғанымыз дұрыс» деп жұмсайтын қаражатты үшке бөлсе шаруасы дөңгеленеді. Қажеттілік дегеніміз не? Оны негізінен төлемдер құрайды. Коммуналдық қызметтер, жол ақысы, пәтер ақысы, несие, байланыс құралдарының төлемі, айға жететін азық-түліктің шамамен алғандағы бағасы тағы бар. Бұл – төленбесе бол-

майтын шығыс. Арасында айыппұл, салық секілді ортадан қосылатын төлемдердің тиыны қалтаңызда болғаны жөн. Сонымен бірге алдағы жұмсалатын қаражаттың есебін реттеп отырған жөн. Баланың туған күні, ағайын-туғандардың той-томалағы дегендей. Бұдан артылғанын жоқ деп есептеңіз. Алғашқы кезде жалпы кірістің 10 пайызын арттырып алуға тырысыңыз да,

айдан-айға оның көлемін ұлғайта беріңіз. «Айлықтан айлыққа зорға жету» деген нәрсені басыңыздан алып тастасаңыз да болады. Қалтаңызға түскеннің бәрін жұмсап жіберетін әдеттен арылыңыз.

Екінші бір маңызды нәрсе – ақшаны аса қажет мұқтаждыққа жұмсап үйрену. Егер «тесік қалтаңыз» болса, ол да жаман әдет. Тесік қалта деп күнделікті майда-шүйдеге жұмсалатын жолын айтады. Ай соңында есептей келсеңіз, жалпы қаражаттың 10-30 пайызы тиынмен майдаланып кеткенін білесіз. Қаражатыңыздың басын құрағыңыз келсе, қалтаңыздың тесігін жамаңыз. Әйтпесе айлығыңыз шайлығыңызға жетпей, күйіңіз еш өзгеріссіз қала бермек.

Мақаланың атын «Ақшаң болса қалтаңда» деп бекер қойған жоқпыз. Қол жетпес сағымның соңына еріп, көптен қалғанымыз келмейді. «Ол жасаған тойды мен неге жасамаймын?», «ол мінген көлікті мен неге мінбеймін?» дейтін бәсеке біздің пайдамызға шешіліп тұрған жоқ.

Мұның емін бізден бұрындары өткен бабаларымыз «көрпеңе қарай көсіл» деп айтып кеткен. Яғни өзіңіздің

қаржылық мүмкіндіктеріңізді дұрыс бағамдаңыз. Алған көлігіңіздің бағасы жылдық табысыңыздан асып кетпеуі тиіс. Қарызға батып той жасаудың қаншалықты дұрыстығын салмақтаңыз. Бұл тойды шағын топпен, шамалап қонақ шақырып та өткізуге болады екен. Бұл ретте кедей байға, бай құдайға жетем деу мұрат емес.

Қаржыңыздың көлемі мен мүмкіндіктеріңізді байыппен сараптап, алдыңызға нақты мақсат қойыңыз. Қаржылық тәуелсіздікке жету үшін ең бастысын алға шығарыңыз. Көбіңіз үшін алдымен несиеден құтылу қажет болса, сол бағытта жұмыс істеңіз. Тиімді жолы артық шығынды азайту екенін еске саламын.

Алты айға созылған карантин көп нәрседен үнемдеуге болатынын үйретті. Осы күндері мезгілге сай киінеміз деп ойламадық, шкафтарды қарасақ әлі біраз жылға жететін киім-кешек жеткілікті. Осы күндер біздерді думан-асырсыз өмір сүруге болатынын көрсетті. Оның есесіне бала-шағасымен бақта сурендеп, саламатты өмір салтын ұстанып, өз өмірімізге басқа көзбен қарай бастадық.

Әр нәрсенің бір қайыры болса осы шығар. Алдағы уақытта қарыз қамытын киген бес миллионның қатары сейілсе, ол да біздің қаржылық сауатымыздың артып, өз теңгемізді қалай жұмсау керектігін үйренгеніміздің белгісі болар.

Бетті дайындаған Айгүл УАЙСОВА

КЕРЕГІ БАР «КАКЕЙБО»

«Какейбо» деген сөздің тура мағынасы «үй шығындарының дәптері» деп аталады. Оны 1904 жылы жапондық журналист Хани Мотоко ойлап тауып, кең насихаттаған екен. Ондағы мақсаты үй шаруасындағы әйелдердің өз қаражатын қолына алып, бақылауына көмектескені еді. Қанша ақшаңыз бар? Қанша теңге үнемдеуге болады? Қанша теңге жұмсадыңыз? Жағдай қалай түзеледі? Міне, мәні осы ғана. Осы сұрақтардың нақты жауабын алғыңыз келсе, «какейбонь» қолға алып, айдың жоспарын жасаңыз.



Әрине, онсыз да аз ақшаны үнемдеу оңай емес. Дегенмен үнем туралы ойлағанда, ақшаның аздығынан қол жетпей қалған заттарымызды ойлап қынжыламыз. Соның өзі көңілімізді түсіріп жіберері анық. Алайда арман дүниені

ойлап қынжылғанша, сатып алуға жағдайыңыз жететін нәрсеге көңіліңізді бұрыңыз. Сеніңіз, соңғысы тартымдырақ.

«Какейбо» тек қана күнделікті тірліктегі қаражат шығындарының сала құлаш

тізімі емес. Оны электронды есептеу құралдарымен санай салмаңыз. Міндетті түрде қалам мен қағаз алып, кіріс-шығысыңыздың есебін қолмен толтырыңыз. Бұл тәжірибе сіздің әр цифрдың салмағын байыптап, кеткен

шығынды барынша ұғынуға әсер етеді. Сонымен басты шығыстарды есептеп болып, артылғанын санаңыз. Бұл – сіздің ақшаңыз.

Енді «керегіңіз» бен «қалауыңызды» тағы бір рет салмақтап көріңіз. Дәптерге үңіліп, ақшаны қайда жұмсағаныңызды есіңізге түсіргенде, оның қаншалықты қажетті болғанын түсінесіз. Мысалы, жаңа көйлек киіңіз келді делік, бірақ оған қолыңыздағы ақшаны түгел жұмсау міндет емес қой.

«Қажетіңіз» бен «қалауыңыздың» арасын анықтау үшін осы айдағы сатып алған дүниелеріңіздің салдарынан маңызды нәрселеріңізге қара-

жат жетпей ойсырап қалғанын білгеніңіз жеткілікті. Соның дәптердегі шығындарды саралай келе, санатқа бөліңіз. «Осыны алмағанда болатын еді ғой» деген нәрселердің астын сызып қойыңыз. Жазуларыңыз сызықпен шимайланбаған болса, тура жолға түстіңіз.

Қазіргі күні жақсы болды, карточкамен есеп айырысамыз. Жапон журналисі карточкамен емес, қолма-қол ақшамен есептесіңіз дейді. Өйткені ақшаны қолдан беріп, оның басқа қолға кетіп бара жатқанын сезінесіз. Расында, карточкада ақша тұрмайды дейтініміздей бар. Егер қолымызда мың теңгеміз тұр-

са, жұмсайын ба, жоқ па деп ойланамыз, ал карточкадағы ақшаның есебі жоқтай көрінеді. Сол себепті шотыңыздан ақшаны шешіп алып, жұмсауыңызға қарай бірнеше конвертке бөліп салып қойыңыз. Бұл жоспарыңызда жоқ, аяқасты сауда жасауыңызға, қызығып кетіп үйдегі көк көйлегіңіздің орнына дәл сондай қызыл көйлекті сатып алудан сақтайды.

Ай біткенде шығындарыңызды қайта есептеп, сал де болса басы артық теңгені қалғанын байқайсыз. Ендігі міндет, алдағы айда жұмсауға тиісті қаражаттан бөлек, қалтаңызда қалатынын көбейтуге ынтаныңызды арттыру болады.



гін қамтамасыз ету, жол салу, коммуникациялық желілер мен сумен жабдықтау, көріз, энергиямен жабдықтау құрылыстарын дамыту, жабындарды орнату, жарықтандыру, шағын сәулет нысандары мен монументтік өнер объектілерін орналастыру, көгалдандыруды жобалау, шу деңгейін төмендету, микроклиматты жақсарту, әуе бассейнін, ашық су айдындары мен топырақты ластанудан қорғау жөніндегі) және (аумақты тазарту, жинау, санитарлық тазарту, құрғату және көгалдандыру жөніндегі) белгілі бір аумақты, мақсаты бойынша құрылыс және қалыпты пайдалану, халықтың салауатты, қолайлы және мәдени өмір сүру жағдайларын жасау үшін жарамды;

2) ағаштарды кесу – ағаштарды кесу (қайта отырғызу) бойынша жұмыстар, 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының (бұдан әрі – рұқсаттар туралы Заң) 2-қосымшаның 159-тармағына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын;

3) жасыл екпелердің мәжбүрлі шауып алуы – Нұр-Сұлтан қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында және қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіру үшін жасыл екпелерді кесу;

4) көгал – жасанды шөптердің жамылғысымен жер аймағы саябақ құрылысына және өсімдіктерді отырғызу үшін арналған шөп жамылғысына фон болып табылатын жер аймағы;

5) дендрологиялық жоспар – құрылыс салу аймағын ескере отырып көкжелектердің, алаңқайлардың, жолдардың, су айдындарының ашық учаскелерімен үйлесімділікте өсіп тұрған және отырғызылуы жоспарланып отырған ағаш-бұтақ өсімдіктерінің жасыл екпелерінің сандық және түрлік құрамы көрсетілген жасыл екпелерді отырғызу жоспары;

6) Нұр-Сұлтан қаласының жасыл қоры – Нұр-Сұлтан қаласының әкімшілік шекарасының шегіндегі шектеулі және арнайы, жалпы көгалдандырылған аумақтарды пайдалануды қамтитын жасыл желектер аумағының жиынтығы;

7) жалпыға ортақ жерлер – алаңдар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтажықтарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (жалпыға ортақ инженерлік жүйелер) орналасқан және оларға арналған жерлер;

8) жасыл алқап – түрлік құрамына қарамастан кемінде 0,125 га аумақта кемінде 50 дана ағашы бар көгалдандырылған аумақ;

9) Нұр-Сұлтан қаласының «жасыл белдеуі» – санитарлық-гигиеналық, мәдени-сауықтыру, рекреациялық және туристік қызметтерді атқаратын Нұр-Сұлтан қаласының аумағын қоршайтын санитарлық-қорғаулы зонасы;

10) жасыл екпелер – Қазақстан Республика азаматтық заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлік болып табылатын және қаланың бірыңғай жасыл қорын құрайтын табиғи өскен және жасанды егілген ағаш бұтақтары және шөпті өсімдіктер;

11) жасыл екпелерді түгендеу (ағаштарды, бұталарды және бұталы қоршауларды) – көгалдандыру объектілерінің сандық және сапалық сипаттамаларын толық көрсете отырып, оларды есепке алу жөніндегі іс-шаралар кешені, сондай-ақ жоспарлы негізде әрбір көгалдандыру элементін графикалық белгілеу;

12) жеке тұрғын үй – жеке (отбасылық) тұруға арналған, үй-жай учаскесінде орналасқан және шаруашылық және басқа да құрылыстармен және жасыл желектермен бірге азаматтық меншігіндегі үй;

13) өтемдік отырғызу – табиғатты пайдалануды реттеу қызмет атқаратын уәкілетті орган белгіленген дендрологиялық жоспарға сәйкес айқындалған арнайы учаскелерде кесілген ағаштардың орнына отырғызу;

14) жасыл екпелерді орман-патологиялық зерттеу – зиянкестердің (жөндіктердің) болуын арнайы зерттеу, ауру белгілері мен ошақтарының болуын, діндерде, тамыр жүйесі мен ұшарбаста зең ауруларымен (паразиттермен) зақымдану белгілерінің болуын анықтау. Егер екпелердің 50%-дан астамы аурулардан зақымданған болса, олар міндетті түрде кесілуі тиіс;

15) кіші архитектуралық формалар – сәндік сипаттағы және іс жүзінде қолданылатын объектілер (мүсіндер, субұрқақтар, барельефтер, гүлдерге арналған вазалар, павильондар, күректер, орындықтар, урналар, балалар ойынына және ересек тұрғындардың демалуына арналған жабдықтар мен конструкциялар –);

16) көгалдандырылған аумақ – табиғи өсімдіктер, жасанды түрде жасалған бақ-саябақ кешендері мен объектілері: желекжолдар, саяжолдар, көгалдар, гүлбақтар орналасқан жер учаскесі;

17) жасарту – қаңқалы және жартылай қаңқалы бұтақтарды қатты қысқарту, өркендерді сирету және реттеу, бас жағы мен бұталардың құрғау салдарынан өзінің декоративтік сапасын жоғалтқан, сау дінді және сүңгекті жасарту үшін жарамды ересек ағаштардың кемінде 3,5 метр биіктіктегі діндерін кесу;

18) ұйым – жасыл екпелерді күту және қорғау саласында мамандандырылатын жеке және заңды тұлға;

19) жасыл екпелердің зақымдануы – жасыл екпелерге зақым келтіру. Бұтақтардың, тамыр жүйесінің, қабық тұтастығының, топырақтың тіршілік қабаты тұтастығының бұзылуы, жасыл екпелерді ластануы, не тамыр аумағындағы топырақтың зиянды

заттармен ластануы, өртеу және басқа да зиянды әсерлерден зақымдануы механикалық зақымдану болып табылады;

20) өтемдік отырғызу жоспары – отырғызудың сандық бөлігін, тұқымдық құрамын, көлемін, күнтізбелік мерзімін, сондай-ақ жоспарлы негізге орайластырылған отырғызуды орналастырудың графикалық сызбасын қамтитын кесуге, санитариялық кесуге ұшыраған ағаштарды отырғызу жоспары;

21) іргелес аумақ – ғимараттар, құрылыстар, қоршаулар, құрылыс алаңшаларының, сауда, жарнама объектілеріне және заңды немесе жеке тұлғалардың балансындағы, меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей (периметрі бойынша 5 метр шекарадағы) жанасып жатқан аумақ;

22) өтпе жол – көлік құралдарының тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға, шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыс объектілеріне кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;

23) ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу – уәкілетті орган айқындаған учаскелерде жүзеге асырылатын ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу жөніндегі жұмыс.

24) жасыл екпелер тізілімі – Нұр-Сұлтан қаласының аумағындағы түрлері, түрлік құрамы, аудан көлемі, жағдайы, орналасқан және саны туралы деректердің жиынтығы;

25) жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау – жасыл екпелерді, көгалдандырылған аумақтар мен жасыл алқаптарды құрғау, сақтауға және өсіруге (оның ішінде кесілген не зақымдалған жасыл екпелерді өтемдік қалпына келтіруге) бағытталған құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар жүйесі;

26) санитариялық қию – авариялық жағдай туғызатын (электр беру желілерінде, газ құбырларында жатқан, ғимараттардың жамылғысын зақымдайтын, жол қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіретін), ауырған, құрғай бастаған, құрғақ және зақымданған бұтақтарды қию;

27) санитарлық кесу – құрғақ, өлі, жастағы ағаштар мен бұталарды, тамыр ысқышпен, орақпен және басқа да саңырауқұлақ аурулармен зақымданған ағаштарды кесу;

28) жасыл екпелерді сақтау – абаттандыру және құрылыс жұмыстарының нүктесіне түсетін, аса құнды екпелердің тұқымдарын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешені;

29) тротуар – жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолдың жүру бөлігімен шектесетін немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;

30) жасыл екпелерді жою – жасыл екпелердің өсуінің тоқтауына әкелетін зақымдану;

31) уәкілетті орган – табиғатты пайдалануды реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

32) күтіп-баптау – өсімдіктердің жерасты бөлігін және топырағын күтіп-баптау (қоректендіру, суару, қопсыту және өзге де іс-әрекеттер);

33) ұшарбасты қалыптастыру – белгілі бір эстетикалық түр беру және жасыл екпелерді жасарту мақсатында олардың солып қалуына әкеп соқтырмайтын, пішіндеуге келетін бұтақтар мен өркендерді, жекелеген ағаштарды, бұталарды және жолдағы екпелерді кесу;

2. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау

1-параграф. Жасыл екпелерді сақтау бойынша шаралар.

5. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй және жеке меншік қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай учаскелеріне, қаланың коммуналдық қызметтерінің жүргізуіндегі зираттардың учаскелерінде өсетін жасыл екпелерді қоспағанда, барлық жасыл екпелер бірыңғай жасыл қорды құрады және қорғалуға тиіс.

6. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің көгалдандырылған аумақтарын дамыту дендрологиялық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

7. Аумақтарды көгалдандыру бойынша барлық жұмыс түрлері бекітілген жобалар бойынша орындалады. Көгалдандыру және абаттандыру бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде орындалатын жұмыстардың сапасына және олардың бекітілген жобаға сәйкес келуіне Заңға сәйкес авторлық қадағалау жүргізіледі.

8. Жасыл екпелерді зақымдауға және жоюға себеп болатын заңды емес әрекеттің және әрекетсіздік және заңды тұлғалар жол бермеу қажет.

9. Қазақстан Республикасының заңнамасының және қазіргі Қағидасының талаптарын сақтаумен жасыл екпелерді қорғау бойынша жобалық, құрылыстық және шаруашылық қызмет жүзеге асырылады.

10. Көгалдандырылған аумақтар субъектінің жерге құқығына байланысы мемлекеттік және жеке меншікте тұрады

11. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау көгалдандыру бойынша жұмыстардың мына негізгі түрлерін қамтиды:

1) жасыл екпелерді отырғызу (ағаштарды, бұталарды және тірі ағаш қоршауларын топырағымен немесе топырақсыз қатар отырғызу, ағаштарды және бұталарды топырағымен немесе топырақсыз отырғызу);

2) ағаштардың дінгек қуысын орнатумен қыртыстарды қопсыту, ағаштарды ақтау, жасыл қоршамды қию, ағаштардың діңін көтеру, ағаш өскіндерін жою;

3) гүлзарлар, көгалдарды орналастыру, арамшөптерді отау, шөптерді шабу, қысқы кезеңде раушан гүлдерін жауып ұстау;

4) бүкіл вегетациялық кезең бойы жасыл екпелерді суару;

5) апаттық, құрғаған, жасамыз ағаштарды және бұтақтарды санитарлық кесу, ағаш ұшбарларының құрылуы;

6) тыңайтқыштар салу;

7) жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен күресу.

12. Ереженің күші қолданыстағы жеке тұрғын үй аумағына, азаматтардың саяжай учаскелеріне және мемлекеттік орман қорына және Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қолданылмайды.

13. Көгалдандырылған аумақтардың меншік иелері және жалға алғандар:

1) жасыл екпелерді сақтауға және білікті күтіммен қамтамасыз етуге;

2) барлық агротехникалық шаралар кешенін жүргізу, оның ішінде гүлзарлар, ағаштар мен бұталарға су құю, арамшөптер, зиянкестер және аурулармен күрес жүргізу, жасыл екпелерді түзеу және жасарту, санитарлық кесу, гүлзарларды күзеу;

3) өзінің жеке қаражаты есебінен қала құрылысы, экологиялық, санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес әзірленіп, бекітілген дендрологиялық жоспарлар бойынша бекітілген аймақтардағы жасыл екпелердің ағымдық жөндеуімен көгалдандыруын жүргізу;

4) Қазақстан Республикасының бекітілген Заңының талаптарының тәртібінде жасыл екпелерді кесу, қайта отырғызу жасау және рәсімдеу;

5) құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде, осы учаскеде сақталуға жататын барлық жасыл екпелерді механикалық және басқа зақымдалулардан арнайы қорғаныс қоршауларымен сақталуға;

14. Құрылыс салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінетін учаскелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, ағаштарды кесу Рұқсаттар туралы Заңға сәйкес уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізіледі.

15. Ағаштарды жасарту және қалың өскен ағаштарды сирету жұмыстары вегетация мерзімі басталғанға дейін немесе күздің соңында жүргізіледі.

16. Жасыл екпелерді қайта отырғызу жыл ішінде арнайы қайта отырғызу технологиялары сақталған жағдайда жүзеге асырылады. Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың тиімді ұласып өсуі мақсатында оларды күз түскен кезеңнен бастап көктемнің бас кезіне дейін отырғызу ұсынылады.

17. Жасыл екпелерді есепке алу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығымен бекітілген жасыл жекпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелер тізіліміне енгізілетін, есепке алу объектісінің шекарасында орналасқан жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу арқылы жүзеге асырылады.

18. Жасыл екпелердің барлық түрлері есепке алынуға жатады: ағаштар, бұталар, көгалдар, гүлбақша.

19. Жасыл екпелерді есепке алу нәтижесін көрсететін құжаттар ресімделген түгендеу жән орман-патологиялық зерттеу материалдары, сондай-ақ дендрологиялық жоспар болып табылады.

20. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау бойынша жұмыстарды, сондай-ақ жалпыға ортақ жерлердегі жасыл екпелерді түгендеу және орманпатологиялық зерттеу жүргізуді ұйымдар жүзеге асырады.

21. Уәкілетті органға жасыл екпелердің түгендеу және орманпатологиялық зерттеу материалдарының көшірмелерін Нұр-Сұлтан қаласы аудандары әкімдіктеріне, жасыл қормен жұмыс жасау барысында ұсыныс ретінде қолдану үшін жолданылады.

22. Уәкілетті орган жасыл екпелер тізілімін және оларды есепке алуды жүргізеді.

23. Нұр-Сұлтан қаласының жасыл екпелерінің тізілімі жүргізіудің мақсаты:

1) Нұр-Сұлтан қаласындағы жасыл екпелердің саны және жай-күйі туралы расталған кешенді деректер алу;

2) Нұр-Сұлтан қаласындағы жасыл екпелердің саны және жай-күйінің мониторингін жүргізу;

3) Нұр-Сұлтан қаласының көгалдандырылған аумақтарын қорғау, сақтау және даму саласындағы қалалық саясаттың негізгі бағыттарын анықтау;

4) жасыл екпелерді қорғауға, сақтауға және дамытуға ең оңтайлы тәсілдер әзірлеу;

5) Нұр-Сұлтан қаласындағы жасыл екпелердің саны және жай-күйі туралы халықты, билік және басқару органдарын расталған ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

24. Жасыл екпелер Тізімдемесі мәліметтерін жаңартуы 2 жылда жүргізіледі.

2-параграф. Ағаштарды кесу (қайта отырғызу), санитарлық кесу

25. Жасыл екпелерді кесу келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) бекітілген және келісілген қала құрылысы құжаттамасында көзделген құрылыс объектілерін орналастыру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету;

2) инженерлік абаттандыру объектілеріне, жер үсті коммуникацияларына қызмет көрсету;

3) авариялық және төтенше жағдайларды, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде жою;

4) адамның өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне қатер туғызатын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне залал келтіретін ескі екпелерді санитарлық кесу;

5) адамдардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге әкеп соғатын (құрғақ, құрап қалған және ауру ағаштар) ағаштарды санитарлық кесу;

6) жалпы пайдаланудағы жерлерде ағаштар мен бұталардың өсуі.

26. Мемориалдық, тарихи немесе бірегей эстетикалық құндылығы бар, мәртебесі белгіленген тәртіпте бекітілген ағаштарды кесу; Қызыл кітапқа енгізілген суректі және бұта өсімдіктерінің түрлері кесуге тыйым салынады.

27. Қала құрылысы қызметін іске асыру кезінде жасыл екпелерді кесу немесе қайта отырғызуға мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) жобалау ұйымы құрылысқа бастапқы-рұқсаттама құжаттамасын дайындау кезінде белгіленген тәртіпте жобаны әзірлейді;

2) жобалау ұйымының хағы және жобасы негізінде, табиғат пайдалануды реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын уәкілетті орган құрылыс, қайта жаңарту болжанған учаскеде зерттеу жүргізеді және жасыл екпелерді зерттеу актісін жасайды, онда жасыл екпелердің саны, олардың түрлік құрамы, жай-күйі, гүлзарлардың, шөп жабындары, гүлдердің болуы көрсетіледі;

3) жоба-сметалық құжаттамасы жасыл екпелерді зерттеу актісі негізінде әзірленеді;

4) жасыл екпелерді кесу және қайта отырғызуды әзірленген және бекітілген жоба-сметалық құжаттамасы сәйкес жасалынады;

28. Ортақ пайдаланылатын жерлердегі жасыл желектерді санитарлық кесуді уәкілетті органның келісімі бойынша осы жер учаскесіне қызмет көрсететін ұйымдар жүргізеді. Жасыл желектер 50% - дан астам ауруға шалдыққан жағдайда, олар міндетті түрде кесуге жатады.

29. Ортақ пайдаланылатын жерлерде ағаштарды кесуді осы жер учаскесіне қызмет көрсететін ұйымдар уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізеді.

30. Ағаштардың өздері, сондай-ақ олардың бұтақтарының құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, ғимараттар мен үй-жайлардың, коммуникациялардың зақымдалуына, жол қозғалысы (оның ішінде жол жүру белгілерін жауып тұрса) қауіпсіздігіне қауіп төндіретін төтенше немесе апатты жағдайлардың туындауы мүмкін жағдайларда ағаштарды кесу уәкілетті органның келісімінсіз жүргізіледі.

31. Ағаштарды санитарлық немесе амалсыз кесу фактісі кейіннен уәкілетті органға хабарлай отырып, төтенше жағдайлар органдарының құтқару қызметінің қуәландыру актісімен белгіленеді.

32. Ғимараттардан және құрылыстардан 5 м қашықтықта орналасқан, орын-жайларды толық көлеңкелеуге себеп болатын жасыл екпелерді кесуге уәкілетті орган өтемді отырғызу есебінен азаматтардың өтініштері бойынша рұқсаттама береді.

33. Құраған, суалған және ауру ағаштарды, бұталарды есепке алу және таңбалау, олардың тұрған жеріне қарамастан, көгалдандырылған аумақтарды пайдаланушылардың, меншік иелерінің және жалға алушылардың, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша уәкілетті органмен жүргізіледі.

34. Егер комиссия зерттеу кезінде құрғақ ағаштар мен бұталардың өлімі көріліп пен ауруға байланысты емес, жеке немесе заңды тұлғалардың кінәсінен болғаны анықталса, онда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

35. Құлату, түбірін қопару, кесілген ағашты және кесінді қалдықтарын (жоңқа, бұтақтар, жапырақтар, қабығы) тиеу мен тасу жұмыстар басталған сәттен бастап тәулік ішінде жүргізіледі. Кесілген жасыл екпелерді және кесінді қалдықтарды өндіріс орнында сақтауға жол берілмейді.

36. Кесу аумағына іргелес гүлзарлар, жасыл екпелер зақымданған жағдайда жұмысты жүргізуші олардың қалпына келтіруі жасалынады.

37. Ағаштарды кесу кесілген ағаштардың орнына жеке және заңды тұлғалардан өтемдік отырғызу туралы келішіл ұсынылған жағдайда уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

38. Бұл ретте, жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарына сәйкес қайта отырғызуға жататын ағаштар уәкілетті орган ағаштарды кесуге рұқсат беру құжаттарында көрсеткен учаскілерге қайта отырғызылады.

3-параграф. Ағаштарды өтемдік отырғызуды жүргізу тәртібі

39. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын сәулеттік, қала құрылысы және құрылыс жұмыстары жүргізілген кезде жасыл екпелерді қалпына келтіру жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес белгіленген тәртіпте тиісті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

40. Уәкілетті органның рұқсаты бойынша ағаштарды кесу кезінде қалпына келтірілетін ағаштарды өтемдік отырғызу биіктігі кемінде 3,5 м жапырақ тұқымдасты екпелерді және кесекпен бірге биіктігі кемінде 2,5 м қылқан жапырақ тұқымдасты отырғызу арқылы жүзеге асырылады он есе көлемде жүргізіледі

41. Қайта отырғызулар ағаштардың солып қалуына әкеліп соққан жағдайда, бес есе көлемдегі өтемақы белгіленеді.

42. Екпенің жоғары тамыр жүйесінен дінгегінің диаметрі (дінгек бөлігі 1,3 метр биіктікте) 3-4 сантиметр кем болмауы керек.

43. Заңды және жеке тұлғалар ағаштардың өтемдік отырғызу жұмыстарын аяқтаған соң ағаштарды кесуге рұқсат алу кезінде берілген кепілдік хатқа сәйкес уәкілетті органды өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес жұмыстардың орындалғаны туралы хабарлар етеді.

44. Екі жыл уақыт өткен соң уәкілетті орган ұласып өскен ағаштарды жасыл екпелер тізіліміне енгізеді.

45. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жасыл екпелерді өтемдік отырғызу үшін уәкілетті органмен арнайы аймағын анықтайды.

46. Өтемдік отырғызу қаланың өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес топырақты құнарлы топыраққа ауыстыру қажеттілігімен қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

47. Ағаштарды өтемдік отырғызуды заңды және жеке тұлғалар өздерінің жеке меншік жерлерінде немесе маңындағы аумақтарда өз беттерінше, ал ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу кезінде көгалдандыруды, жасыл екпелерді күтіп-ұстауды

жүзеге асыратын ұйымды тарта отырып, жалпы пайдаланудағы жерлерде жүзеге асырады.

48. Заңды және жеке тұлғалар ағаштарды қайта отырғызған кезде өтемдік отырғызу жүргізілмейді.

Егер қайта отырғызу ағаштардың өлуіне әкеп соқса, өтемақының бес есе мөлшері белгіленеді.

49. Жасыл екпелерді өтемдік отырғызу төмендегі жағдайлардың талаптарды есепке ала отырып.

50. Ағаштарды кесу кезінде ағаштарды өтемдік отырғызу ағаш көшеттерін отырғызу жолымен жүргізіледі.

51. Өскен және зақымдалған жасыл екпелер табиғи жағдайда құласа, кінәлі тұлғаларды анықтауға мүмкіндік жоқ кезінде жасыл екпелерді қалпына келтіру жергілікті бюджет қаражаты есебінен уәкілетті орган бекітілген дендрологиялық жоспарға сәйкес жасалынады.

52. Инженерлік коммуникациялар бар қорғау зоналарына түсетін жасыл екпелерді кесу кезінде өтемдік отырғызу қажет етілмейді.

53. Жасыл екпелерді кепілдік күтімнен кейін қабылдауды жасыл екпелерді өміршеңдік актісінің негізінде жасалынады.

Егер өсімдіктердің 50% сау болса, ағаш жақсы деп саналады.

54. Отырғызылған жасыл екпелерді солып қалған жағдайда, кесуді жүргізуге мүдделі болған тұлға немесе мамандандырылған ұйым (кепілдік міндеттеменің қолданыстағы шарты бойынша) отырғызу күнінен бастап, жасыл екпелерді қайта отырғызып, бұдан әрі соларды екі жыл шамасында күтеді (ағаштың тікпе-екпелің өміршеңдік мерзімінде).

55. Жеке және заңды тұлғалар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын құрылыс жұмыстарын (күрделі құрылыс, жолдарды, тротуарларды, арық желілерін жөндеу және т.б.) іске асыру кезінде құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан ұйымдарға (тапсырыс берушілер мен мердігерлерге) құрылыс жобаларында жасыл екпелерді өтемдік отырғызу бойынша жұмыстарды, көгалдандыру жұмыстарын аяқтау бойынша екі жыл ішінде күтіп-баптау жұмыстарын қоса алғанда, қаржыландыруды қарастыруы қажет.

56. Жасыл екпелерді заңсыз кесу кезінде өтемдік отырғызу құқық бұзушылыққа жол берген кінәлі тұлғаның қаражаты есебінен жүргізіледі.

57. Жалпыға ортақ жерлердегі және ғимараттарға, құрылыстарға, көп қабатты тұрғын үйлерге іргелес аумақтардағы желдің және табиғи сипаттағы өзге де жағдайлардың, жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде ағаштар авариялық құлаған жағдайда құлаған ағаштарды жинауды, құлаған жерлерді уақтылы санитариялық тазалауды және ағаш қалдықтарын шығаруды қызмет көрсететін уәкілетті орган бойынша ұйымдар жүзеге асырады.

4-параграф. Нұр-Сұлтан қаласының «жасыл белдеуі» аумағында жасыл екпелерді күзету, қорғау, күтіп-ұстау

58. Нұр-Сұлтан қаласының «жасыл белдеуі» аумағындағы жасыл екпелерді қорғау және күтіп-ұстау:

1) жасыл екпелерді күтіп-ұстау, орманды молайту және ағаш өсіру;

2) өртке қарсы және санитарлық қондырғылармен қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзудың, сондай-ақ басқа да бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, орман өртімен күрес бойынша жұмыстарды үйлестіру;

3) орманның зиянкестерімен және ауруларымен күрес бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

4) табиғи немесе жасанды жасалған сутоғандарды қорғау бойынша жұмысты, қамысты өсімдіктермен күресті ұйымдастыру;

5) Нұр-Сұлтан қаласының «жасыл белдеуі» күтіп ұстау және олардың орындалуын бақылау жұмыстарын (қызметтерін) мемлекеттік сатып алуға конкурс ұйымдастыру және өткізу, шарттар жасасу;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының «жасыл белдеуі» аумағында құқық бұзушылықтардың алдын алу және жол бермеу жатады.

5-параграф. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жасыл желектерді күтіп-ұстау мен қорғауды бақылау.

59. Осы Ереженің сақталуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

60. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау саласындағы бұзушылықтар үшін жеке және заңды тұлғалар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауапты болады.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ www.gosreestr.kz веб-порталында ең төменгі бағаны белгілей отырып, бағаны көтеруге электронды аукцион түрінде жекешелендіру бойынша сауда-саттық 2020 жылғы 10 қыркүйек өтетінін хабарлайды.

Аукционның өткізілетін мерзімі: 2020 жылғы «10» қыркүйек сағ. 10.00-ден 17.00-ге дейін.

1. Skoda Super B6, ш.ж. 2012, қара түсті, шанақ №ТМВВ93Т9DD300241, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№6 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. №442 СА01. Бастапқы баға – 3 338 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 669 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

2. Chevrolet Niva, ш.ж. 2010, қара түсті, шанақ №Х9Л212300А0290506, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. №514 ВА01. Бастапқы баға – 1 603 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 801 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

3. Kia Cerato, ш.ж. 2010, ақ түсті, шанақ №КНАФТ411АА5853558, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№2 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. №796А201. Бастапқы баға – 3 178 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 589 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

4. Skoda Super B6, ш.ж. 2012, қара түсті, шанақ №ТМВВ93Т2СD300208, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Олимпиадалық резерв дайындау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. №111 СА01. Бастапқы баға – 3 237 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 618 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

5. Toyota Corolla, ш.ж. 2009, күміс түсті, шанақ №JTNBV58E503538467, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Дәулет» спорт комбинаты» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, м.н. №891 RC01. Бастапқы баға – 3 699 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 849 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

6. Skoda Super B6, ш.ж. 2012, қара түсті, шанақ №ТМВВ93Т2DD300016, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Дәулет» спорт комбинаты» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, м.н. №Z 170 CV. Бастапқы баға – 3 273 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 618 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

7. Toyota Avensis, ш.ж. 2006, қара түсті, шанақ №SB1BR56L10E185941, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№3 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. №175 BM 01. Бастапқы баға – 3 295 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 647 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

8. Chevrolet Lacetti, ш.ж. 2008, ақ түсті, шанақ №KL1NF196E8K942984, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№9 Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. №645 CE01. Бастапқы баға – 1 386 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 693 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

9. Kia Cerato, ш.ж. 2012, ақ түсті, шанақ №КНАФВ412BC5565254, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№6 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. №743А201. Бастапқы баға – 3 135 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 567 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

10. Kia Cerato, ш.ж. 2010, сұр түсті, шанақ №КНАФВ411ВА5872510, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№7 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. №076 BM01. Бастапқы баға – 3 178 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 589 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

11. Kia Cerato, ш.ж. 2010, ақ түсті, шанақ №КНАФТ411АА5262817, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. №585ВА01. Бастапқы баға – 3 178 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 589 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

12. Nissan Almera, ш.ж. 2010, ақ түсті, шанақ №КНАФТ411АА5262817, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жігер» спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. №747BL01. Бастапқы баға – 2 092 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 046 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

13. Skoda Rapid, ш.ж. 2014, күміс түсті, шанақ №ТМВВ22НН4ED101500, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Толағай» жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. №791 АЛ01. Бастапқы баға – 3 643 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 821 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

14. Mercedes Benz S350, ш.ж. 2004, қара түсті, шанақ №WDB2201671A445680, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, м.н. №777АУ 01. Бастапқы баға – 4 216 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 2 108 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

15. Chevrolet Captiva, ш.ж. 2012, сұр түсті, шанақ №KL1CD26С9ВВ124681, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, м.н. №481 АО03. Бастапқы баға – 5 704 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 2 852 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

16. Chevrolet Aveo, ш.ж. 2014, ақ түсті, шанақ №XVWWTА69EJFU003107, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету дирекциясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, м.н. №496 АХ01. Бастапқы баға – 2 728 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 364 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

17. Nissan Teana, ш.ж. 2011, қара көк түсті, шанақ №JN1ВВUJ32U0009373, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тәуелсіздік сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, м.н. №Z 258NN. Бастапқы баға – 4 867 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 2 433 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

18. Skoda SuperB, ш.ж. 2012, қара түсті, шанақ №ТМВВ93Т4СD300212, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, м.н. №659 BN 01. Бастапқы баға – 3 408 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 704 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

19. Kia Mohave, ш.ж. 2013, қара түсті, шанақ №KNAKN811DE5110570, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, м.н. №247АК01. Бастапқы баға – 7 745 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 3 872 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

20. Volkswagen Passat, ш.ж. 2003, ақ түсті, шанақ №WVWZZ3BZ4P043849, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астаналық цирк» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, м.н. №Z937AV. Бастапқы баға – 2 203 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 1 101 500 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

21. Mercedes Benz S350, ш.ж. 2005, қара түсті, шанақ №WDB2201671A481899, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Сәкен Сейфуллин мұражайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, м.н. №833 ВА01. Бастапқы баға – 4 168 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 2 084 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

22. Chevrolet Captiva, ш.ж. 2013, қара түсті, шанақ №KL1CD2659DB081736, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, м.н. №787 BF01. Бастапқы баға – 5 704 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 2 852 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін тізілім веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қойылған Қағидаға сәйкес форма бойынша аукционға қатысудың электронды өтінімін тіркеу қажет.

Аукционға қатысуға өтінімді тіркегеннен кейін, тізілім веб-порталымен үш минут ішінде

өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болуына автоматты тексеруді жүргізеді.

Сатушының есеп шотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болған жағдайда, тізілім веб-порталы өтінімді қабылдауды және қатысушының аукционға қосылғанын жүзеге асырады.

Сатушының есеп шотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болмаған жағдайда, тізілім веб-порталы қатысушының өтінімін қайтарады.

Тізілім веб-порталының автоматты тексеру нәтижесі бойынша, өтінімде көрсетілген қатысушының электронды мекенжайына өтінімді қабылдағаны туралы немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту себебі туралы электронды хабарламаны жолдайды.

Аукцион қатысушылары аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін қолданыла отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен басталады.

Мемлекеттік коммуналдық мүлікті жекешелендіру ресімдері «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама сату бағасы бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шартына жеңімпаз бен сатушының қол қою міндеттемесі және аукцион нәтижесін белгілейтін құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шарты Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632-каб. мекенжайы бойынша құжаттардың түпнұсқасы болған кезде, аукционды өткізген күннен бастап кемінде күнгізілген он күн ішінде қол қойылады.

Бұл ретте, аукцион Жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушы мынадай құжаттардың көшірмелерін, салыстыру үшін түпнұсқаларды бере отырып немесе нотариалды куәландырылған көрсетілген құжат көшірмелерін ұсынады:

жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның паспорты немесе жеке басын куәландыратын құжат; заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік не анықтама;

2) заңды тұлға өкілінің өкілеттілігін куәландыратын құжат, сондай-ақ заңды тұлға өкілінің паспорты немесе жеке басын куәландыратын құжат.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Кепілдік жарнаны аудару үшін деректемелер:
1) IBAN KZ946017111000000330, БСК: HSBKZKX, Банктің атауы: «Қазақстан Халық банкі» АҚ, КНП: 911; Кбе: 11;
Төлемді алушы (қаз.): «АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ; БСН: 050540004455.

Анықтама алу үшін Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632-каб. мекенжайы, 55 01 68, 55-68-15 телефоны бойынша жүгінуге болады.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 37-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы 1-бабы 31-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуі;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылмаларында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан

кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары М.Е. Бектұроваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім **А. Көлгінов**

Әкімнің орынбасары **М. Бектұрова**

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы **Ж. Шәукентаев**

«Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы **Е. Бекмырзаев**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «__» _____
№ _____ қаулысына
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Кәсіпкерлік қызметті қолдау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 111-1820 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 864 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 25 желтоқсанда «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

2. «Кәсіпкерлік қызметті қолдау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 111-1820 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 11 қарашадағы № 111-2033 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 984 болып тіркелген, 2016 жылғы 8 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 31 желтоқсанда «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

3. «Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымыр кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 102-959 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1030 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 23 маусымда «Вечерняя Астана» және «Астана ақшамы» газеттерінде жарияланған).

4. «Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 102-960 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1031 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 23 маусымда «Вечерняя Астана» және «Астана ақшамы» газеттерінде жарияланған).

5. «Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 102-961 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1032 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 23 маусымда «Вечерняя Астана» және «Астана ақшамы» газеттерінде жарияланған).

6. «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін

қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 102-962 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1033 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 23 маусымда «Вечерняя Астана» және «Астана ақшамы» газеттерінде жарияланған).

7. «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 102-1473 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1060 болып тіркелген, 2016 жылғы 30 қыркүйекте «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 24 қыркүйекте «Вечерняя Астана» және «Астана ақшамы» газеттерінде жарияланған).

8. «Туризм саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қазандағы №180-1852 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1075 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 қарашада «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 5 қарашада «Вечерняя Астана» және «Астана ақшамы» газеттерінде жарияланған).

9. «Кәсіпкерлік қызметті қолдау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 111-1820 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 2 наурыздағы № 111-405 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1097 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне және 2017 жылғы 15 сәуірде «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

10. «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 102-1473 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 502-993 қаулысы (2019 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған).



«КҮЛТЕГІН» ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНЕ АРНАЛҒАН НОМИНАЛДЫҚ ҚҰНЫ 1000 ТЕҢГЕЛІК ЕСКЕРТКІШ БАНКНОТ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы) «Күлтегін» ескерткіш банкноты заңды төлем құралы болып табылатындығы және айналыста болу мерзімі шектелмегендігі, бұл банкноттар айналыстан табиғи тозу шамасына қарай алынатындығы туралы хабарлайды.

«Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған номиналы 1000 теңгелік банкнот 2013 жылдың соңында 20 млн дана тиражбен айналысқа шықты.

«Күлтегін» банкнотының қысқаша сипаты



сондай-ақ көрсетулі құны бойынша банк шотына есепке алу және аудару үшін **қабылдауға**, барлық банктер мен Ұлттық пошта операторы **шектеместен** ұсақтауға және айырбастауға **міндетті**.

«Күлтегін» ескерткіш банкнотын қабылдаудан бас тартқан жағдайларда, кәсіпкерлік субъектілер мен коммерциялық емес ұйымдар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚК) 206-бап бойынша жауапкершілікке тартылады.

ӘҚК-ның 206-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында айналыста жүрген, заңды төлем құралы болып табылатын ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын көрсетулі құны бойынша қабылдаудан бас тарту – ескерту жасауға әкеп соғады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап бас тарту – кәсіпкерлік субъектілеріне 5-тен 25 айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі – АЕК) дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

Екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкноттарды қабылдаудан, айырбастаудан және ұсақтаудан бас тартуы 50 АЕК мөлшеріндегі айыппұлға әкеп соқтырады.

Нұр-Сұлтан қ. кәсіпкерлік субъектілер осы банкнотты қабылдаудан бас тартылған жағдайда, тиісті шаралар қабылдау үшін



Бет жағы: басымдық берілген түстер – қоңыр және сары. Негізгі бейнелері – «Қазақ Елі» монументі (Нұр-Сұлтан қ.) және «Күлтегін» мүсінінің бөлігі, ұшып келе жатқан көгершіндер, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: ту мен елтаңба.

Сырт жағы: басымдық берілген түс – қоңыр. Негізгі бейнелер – түрік жауынгерлерінің жартастағы бейнелері, түркі жазба ескерткіші.

«Күлтегін» ескерткіш банкнотын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің барлық түрлері бойынша,

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалына (Нұр-Сұлтан қ.) (Бейбітшілік көшесі, 21) өтініш жасау қажет. Бейнегіркегім жасауды не банкнотты қабылдаудан бас тартудың жазбаша негіздемесін талап етуді ұсынамыз.

Толығырақ ақпаратты газет оқырмандары мына телефон арқылы алуына болады: 703 354, 703 378, www.nationalbank.kz

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ішкі істер органдарына қатардағы және басшы құрамына жұмысқа шақырамыз. Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің артықшылықтары:

- жұмыс берушінің есебінен алғашқы оқыту және біліктілікті арттыру;
- қызмет өтіліне және арнаулы атағына байланысты лауазымдық жалақының артуымен тұрақты және уақытылы жалақы;
- сауықтыруға арналған жәрдемақы, мансаптық өсу;
- ведомстволық емдеу мекемелерінде тегін медициналық қызмет көрсету;
- арнаулы атағына байланысты 48 жастан бастап зейнетке шығу (ішкі істер органдарында кемінде 12 жыл 6 ай үздіксіз қызмет өткеру кезінде).

Талаптар: жасы 35-тен аспаған, бойы кемінде 170 см, білімі орта (қатардағы құрамның лауазымына) және жоғары (қызмет бағытына байланысты басшы құрамның лауазымына), Мемлекеттік қызмет істері агенттігі уәкілетті органы беретін тестілеуден өту туралы сертификаттың бар болуы, денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы (әскери-дәрігерлік комиссиясы анықтайды).

Толық ақпаратты алу үшін Нұр-Сұлтан қаласы, Сырдарья көшесі 16, 28-74-01, 8-702-199-65-05, 8-701-316-65-55, 8-702-236-36-33 телефоны, e-mail: gabit77_kz@mail.ru электрондық мекенжайы бойынша жүгіну қажет.

АБАЙ ОҚУЛАРЫНЫҢ ОЗАТТАРЫ

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының ұйымдастыруымен өткен, ұлы Абай атамыздың шығармашылығын дәріптеу мақсатында жарияланған «IV Абай оқулары» әдебиет сайысының жеңімпаздары анықталды.



Елбасы кітапханасының директоры, профессор Әмірхан Рахымжановтың сөзіне зер салсақ, данагөй ақынның шығармашылығын жаңғыртуда Елбасы кітапханасы Абай оқуларын ұйымдастыруды игі дәстүрге айналдырып қана қоймай, жастардың оқуға құштарлығын оятып, өмірлік көзқарасын кеңейту мақсатында биыл «Абай – 175» жо-

басын іске қосты. Ойшылдың пәлсапалық мұрасын арнайы бағдарламамен әзірленген семинар-тренингтер мен біліктілік дәрістерінің негізіне алады. Ресми сайтындағы электронды каталогтың көмегімен мекеме Абай еңбектеріне қолжетімдікті іске асырды. Ойшылдың туған күніне орай Елбасы кітапханасы ақынның рухы мен шығармашылығына ар-

нап көрмелер мен түрлі іс-шараларды ұйымдастыруды да әдетке айналдырған. 2016 жылы кітапхана архивінің қызметкерлері Шығыс Қазақстан облысындағы Жидебай ауылына сапармен барып, Семей қаласындағы тарих және өлкетану музейінен, құжаттау орталығынан, Абай атындағы әмбебап кітапханадан ақпарат жинап, тың деректермен қорды толықтырды.

Биылғы байқауда қазылар алқасының шешімімен бірінші орынды Нұр-Сұлтан қаласының №2 көпбейінді ауруханасы медицина қызметкерлерінің ұжымы иеленді. Екінші орынды Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Альсана Смаилова алса, үшінші орын Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Сортөбе ауылындағы орта мектептің 3-сынып оқушысы Карима Люшанлоға бұйырды.

ҒАЛЫМ МҰРАСЫН ДӘРІШТЕДІ

Елбасы кітапханасы Шығыстың ұлы ғалымы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына орай жалпы білім беретін елорда мектептерінің 7-11-сынып оқушылары арасында өткізген «Ұлы даланың ұлық тұлғасы» тақырыбында үздік эссе байқауының жеңімпаздарын анықтады.

Қабылдау жұмысының қорытындысына сәйкес, 100-ден астам жұмыс қазақ, орыс, ағылшын тілінде жазылып, сканерленген. Жеңімпаздарды конкурс комиссиясының мүшелері ашық дауыс беру арқылы анықтады.

Сонымен 7-9-сыныптар арасында бірінші орынды №37 мектеп-гимназиясының оқушысы Әдемі Амиеева жеңіп алды. Екінші орынды №68 мектеп-гимназиясының оқушысы Айым Әбдікәрім мен №53 мектеп-лицейінің оқушысы Назира Арапбаева иеленді. Үшінші орын – №64 мектеп-лицейінің оқушысы Самғат Азатқызы, №73 мектеп-лицейінің оқушысы Аружан Хамзина, №50 мектеп-лицейінің оқушысы Қыз Жібек Есенбекова және №10 мектеп-гимназияның оқушысы Қалима Төлеутаеваға



бұйырды. Ал 10-11-сыныптар аралығында №50 мектеп-лицейінің оқушысы Әсел Алтынбекова топ жарса, екінші орынды – №74 мектеп-гимназиясының оқушысы Измира Қонысова, №50 мектеп-лицейінің оқушысы Гүлнұр Дінмұхаммедова және №68 мектеп-гимназиясының оқушысы Дилназ Сапарбекова алды.

Үшінші орынды №2 мектеп-гимназиясының оқушысы Нұрдана Тұмарбек пен №71 мектеп-лицейінің оқушысы Әсел Әбдікәрімова қанағат тұтты.

Сонымен қатар «Ғылыми ізденіс шеберлігі үшін», «Ұшқыр ойлылығы үшін» аталымдары бойынша да жеңімпаздар марапатталды.

ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЕКШЕЛЕНДІ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің ұйымдастыруымен «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейінгі кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары» аясында Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық жұмыс тобының кезекті отырысы онлайн жүйесінде өткізілді.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанова жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелері жобасына орфографиялық топ мүшелері мен тәуелсіз сарапшылардың қорытынды сараптамасы бойын-

ша баяндама жасады. Баяндамашы жұмыс тобы мүшелері мен тәуелсіз сарапшылар тарапынан айтылған сын-пікірлерге ғылыми дәйекті жауап беріп, олардың орынды ұсыныстарының ескерілген тұстары туралы баяндады. Емле ережелерінің мейлінше екшеліп, ғалымдар сүзгісінен сан мәр-

те өткізіліп отырғанының мәні оның халық тұтынуына ыңғайлы да жатық болуына ықпал ету екенін айтты.

Орфографиялық жұмыс тобы мүшелерінің және тәуелсіз сарапшылардың емле ережелері бойынша берген ұсыныстары, пікірлері кең түрде талқыланды.



АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫНҒА АРНАДЫ

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы, «Отандастар қоры» және «Қазақконцерт» ұйымы бірлесіп, «Turan» этно-фольклорлық ансамблінің қатысуымен шеттегі қазақтарға арнап «Ұлы дала елінен» атты онлайн концерт өткізді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, игілікті шараның мақсаты – музыкалық өнер арқылы алыста жүрген ағайынға рухани қолдау көрсету және шет елдегі қандастармен байланысты нығайту.

Онлайн концерт барысында ансамбль мүшелері Серік Нұрмолдаев, Мақсат Медеубек, Бауыржан Бекмұханбетов, Ержігіт Әлиев, Жанту Дадабаев ұлттық аспаптардың дыбысын қазіргі заманға сай лайықтап, бабалар мұрасын жаңғыртып, ұмыт бола бастаған төл аспаптардың сүйемелдеуімен «Ортеке», «Ақсақ құлан», «Керуен», «Көроғлы», «Аққу», «Бүркіт» күйлерін тыңдармандарға шебер жеткізе білді. Сонымен бірге өнерлі ұжым «Қыран далам – Тұран далам», «Қилы заман» секілді туындыларды орындады. Бұл дүниелерден халқымыздың аңшылық, саятшылық дәстүрі көрініс тапса, композитор Ақтоты Райымқұлованың «Шабыт» және «Абай толғауы» атты шығармалары да көрермен көңілін әсем күйге бөледі. Сондай-ақ концертте Нұр-Сұлтан қаласы Astana Ballet театры мен Қазақ ұлттық хореография академиясының әртістері де өнер көрсетті.

Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – Жарқын ЖҰМАДИЛОВ

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР
Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №100

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru